



АУЛАДА ЖАТТЫҒУ ЖАСАЙДЫ

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ТҮРҒЫНДАРҒА ЫҒАЙЛЫ ҚАЛА

7-БЕТ | МӘСЛИХАТҚА – 30 ЖЫЛ



КӨКПАР КӨК ТҮРКІДЕН КЕЛЕ ЖАТЫР

11-БЕТ | СПОРТ

ІРГЕЛІ ҰЙЫМНЫҢ БИІК БЕЛЕСІ

3-4 шілде күндері Астанада көпжақты диалог пен бейбітшілік мәселесін басты тақырып еткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтеді. Ұйымға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің 24-отырысында саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдас-тықтың көптеген өзекті мәселесін қарастырмақ. Форумға бақылаушы елдер мен диалог бойынша серіктес мемлекеттердің басшылары да қатысып, көп жақтылы мәселелер талқыланады деп күтілуде. Саммитке Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы Антониу Гутерриш те қатысады.

4

№78
(4666)

Сейсенбі
2 шілде
2024 жыл



ASTANA

ELORDA AQPAPAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҰБТ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ

Астанада 2, 3 және 4 шілдеге белгіленген ҰБТ өткізу мерзімі кейінге шегеріледі (Т.Жүргенов көшесі, 18/2 және Қайым Мұхамедханов көшесі, 37А мекенжайы бойынша) деп хабарлады Ұлттық тестілеу орталығы.

«Техникалық жұмыстарға байланысты 2, 3 және 4 шілдеге жоспарланған ҰБТ мына мерзімге ауыстырылады: 2 шілдеге жоспарланған тестілеу енді 8 шілдеде, 3 шілдеге жоспарланған - 9 шілдеде, ал 4 шілдедегісі 10 шілде күні өтеді. Жаңа тестілеу күндері туралы ақпарат тест тапсырушының жеке кабинетінде қолжетімді болатыны хабарланды» делінген хабарламада.

ПАРИЖГЕ – 83 ЛИЦЕНЗИЯ

Бүгінгі таңда жазғы Олимпиада ойындарына қатысатын Қазақстан спортшылары 83 лицензия иеленді.

Жалпы Париж ойындарына делегацияның құрамында 118 адам болады. Олардың қатарында спортшылармен қатар жаттықтырушылар, дәрігерлер және басқа да техникалық мамандар бар. Ең көп жолдаманы боксшылар мен балуандар командасы алды. Осыған дейінгі ойындарға қатысып, жүлде алып келген ауыр атлеттер бұл жолы лицензиясыз қалды.

Париждегі жазғы Олимпиада ойындары 26 шілде -11 тамыз аралығында өтеді.



2

ЖАҢА АВТОБУСТАР ЖҮЙТКИДІ

Жыл өткен сайын елорданың аумағы да өсіп барады. Бұл өз кезегінде жол және көлік инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аудартады. Жақын арада Астана қаласының қоғамдық көлік қатары 320 жаңа автобуспен толығады.



ЖҰМЫС ТӘРТІБІ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммитін өткізу кезеңінде елорда әуежайында күшейтілген және тәулік бойғы жұмыс режимі қамтамасыз етіледі, деп хабарлады Elorda.info.

Тұрақты рейстердің ұшуы кесте бойынша жоспарланған. Саммитті өткізу кезеңінде жұмысқа сала мамандары мен диспетчерлік құрам тартылды. Жүзден астам қызметкер резерв ретінде жұмылдырылып, елорда әкімдігімен бірлесіп, шет тілдерін білетін еріктілер тартылып жатыр.

Астаналық теміржол вокзалдары штаттық режимде жұмыс істейді. Бүгінгі таңда теміржол көлігі Астана-1 станциясынан 23 бағыт бойынша тәулігіне 11 мыңға жуық жолаушыны, ал «Нұрлы жол» теміржол вокзалы бойынша тәулігіне 8 мың жолаушыны 19 маршрут бойынша тасымалдауда. Вокзалдар кешенді қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған, – делінген Көлік министрлігінің ақпаратында.

«ЖАСАЙ БЕР, ЖАЙНА, АСТАНАМ!»

Астана күніне орай елордада өткен бұқаралық велошеруге 700-ге жуық әуесқой спортшы қатысты.

«Жасыл белдеу» аумағында биыл төртінші рет ұйымдастырылған бұқаралық велошеру бұл жолы Астана қаласының туған күніне арналды. «Жасай бер, жайна, Астанам!» велошеруіне Астана қаласының тұрғындарынан бөлек, Ақмола, Алматы, Атырау, Жамбыл, Павлодар облысы және Шымкенттен де әуесқой спортшылар қатысты.

Дәртүрлі 25 шақырымдық қашықтықты бағындыруға қатысушылар «Үркер» елді мекенінің «Жасыл белдеу» саябағына дейінгі аралықты жүріп өтті.





«БІЗДІҢ ЕЛДЕРІМІЗ ҰЛЫ ЖЕТІСТІКТІҢ БАСТАУЫНДА ТҮР!»

Астанада өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммиті қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР-дың «Синьхуа» агенттігіне сұхбат беріп, аталған саммиттің жай-жапсары туралы егжей-тегжейлі айтыпты. Сұхбат «Біздің елдеріміз – ұлы жетістіктің бастауында тұр» деген тақырыппен жарияланған.

«Менің Шанхай ынтымақтастық ұйымына көзқарасым ерекше. Себебі 1996 жылдың сәуірінде аталған ұйымды құру туралы алғашқы келіссөздер мен құжаттарды дайындау кезеңіне өзім қатысқанмын. Кешегі «Шанхай бестігі» бүгінде екі есеге өсіп, «Шанхай ондығына» айналды. ШЫҰ-ға төрағалық етудің жауапкершілігі ауыр. Өйткені төрағалық етуші тарап ұйымның күн тәртібін анықтайды. Ал біздің алға қойған мақсаттарымыз: қауіпсіздік

мәселесі бойынша ортақ шешім табу, сауда-экономикалық байланыстарды арттыру, экологиялық қауіпсіздік мәселесін күн тәртібіне шығару және халықтар арасындағы достықты нығайту. Тағы бір маңызды мәселе – ШЫҰ-ның жаһандық саясаттағы беделін одан ары арттыра түсу. Ол үшін ірі және өңірлік халықаралық ұйымдармен әріптестікті нығайту керек. Осы бағытта біз Нью-Йорктен Бейжіңге дейін, Найробиден Мәскеуге дейін 150-ге жуық іс-шара өткіздік.

Ондаған халықаралық маңызды құжаттарға қол қойылды» дейді Қасым-Жомарт Тоқаев сұхбатта. Мемлекет басшысы Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалық етуінің шарықтау шегі Астана саммиті болатынын, оған айрықша көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Сондай-ақ Президент тарихи басқосуда ШЫҰ-ны одан әрі жетілдіру саласында стратегиялық жағынан аса маңызды шешімдер қабылданынына үміт зор екенін қадап айтыпты.

МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛЕДІ

Биылғы 2-4 шілде күндері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді.

Сондай-ақ ол Астанада өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің 24-отырысына қатысады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

300-ден АСА АВТОБУС ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Астанаға тағы 100 автобус жеткізілді. Олар техникалық дайындықтан кейін бірнеше күннен соң жолаушылар тасымалдауға шығады. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Бұл автобустар желідегі автобустардың санын арттырады, осылайша жолаушылардың көлік күту аралығын қысқартады. Жаңа бағыттар іске қосылып, ескі автобустарды кезең-кезеңімен алмастырады. Жыл басынан бері қалаға 100-ге жуық автобус жеткізілді. Биыл барлығы 320 автобус жеткізуді жоспарлап отырмыз, соның ішінде жеке автопарктер қаражаты есебінен де қарастырылады. Былтыр, мәселен қоғамдық көлік паркі 400 автобуска ұлғайды» деп жазды Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.



«Президент жариялаған заң мен тәртіп үстемдігі қағидаты өткен заң шығару маусымындағы басты бағдар болды. Қоғамның сапалы заңдар қабылдауға деген сұранысын арттыра түсті. Парламент еліміздегі ең өзекті проблемалар бойынша заңнамалық шешімдер шығару және оларды ашық талқылау алаңына айналды. Түйткілі мәселелерді заңдар арқылы шешу негізгі тетік ретінде қалыптасып келеді. Нормативтік құжаттардың мәртебесі мен салмағы артуда» деді Мәжіліс төрағасы.

Палата спикері осы сессияда парламенттік жұмыс кезеңі толық әрі табысты атқарылғанын атап өтті. Мемлекет басшысының жылдағы Жолдауларын, Президенттің сайлауалды бағдарламасын, Ұлттық құрылтайда қабылданған шешімдерді іске асыру депутаттық корпус қызметінің негізгі өзегіне айналды. «Екінші сессияның заңнамалық күн тәртібі де мазмұнды болды. Палаталардың 5 бірлескен отырысы, Мәжілістің 39 жалпы отырысы және Сенаттың 43 жалпы отырысы өтті. Сессия барысында екі палатаның қарауында 179 заң жобасы болды. Оның 102-сі қабылданды» деді Ерлан Қошанов.

Қабылданған заңдардың қатарында жылу энергетикасы саласы, мемлекеттік сатыпалым, масс-медиа туралы, адам саудасына қарсы іс-қимыл, тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрес, халықтың шамадан тыс кредит алуы мәселесі, лудоманиямен күрес туралы және басқа да заңдар бар. Атап айтқанда, депутаттар букмекерлік кеңселер мен казиноларға қойылатын талаптарды қатайтып, онлайн-казинолардың қызметін ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізді. Борышкерлер мен алимент төлеушілердің ойнауына тыйым салды. Мәжіліс төрағасы осылайша қоғамды әлеуметтік тұрғыдан сауықтыру жолында маңызды қадам жасалғанын айтты. Сонымен қатар депутаттар еліміздің басты қаржылық құжаты – республикалық бюджетті қабылдады. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қорғау мәселесін шешуге

СЕССИЯ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Өткен аптада Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтіп, онда депутаттар VIII шақырылымдағы екінші сессиясының жұмысын қорытындылады. Ерлан Қошанов өткен сессияда «Мықты Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласының тиімділігі дәлелденгенін атап өтті.



мүмкіндік туды. Сондай-ақ Парламент 46 халықаралық шарт пен келісімді ратификациялады. Мәжіліс спикері жаңа конституциялық норманың арқасында республикалық бюджеттің атқарылу сапасына Парламенттің бақылауы айтарлықтай күшейтілгенін атап өтті. Депутаттар Жоғары аудиторлық палатаның есебін жылына екі рет тыңдай бастады.

«Сессия барысында су саласына, сондай-ақ көлікті дамыту мәселелеріне қатысты есеп тыңдалды. Қазір елді мекендердегі ең өзекті мәселе де осы. Соның қорытындысы бойынша Парламент қажетті ұсынымдар қабылдап, Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның атына жолдады» деді Ерлан Қошанов. Осы сессияда Мәжіліс пен Сенатта үш парламенттік тыңдалым мен он Үкімет сағаты өтті. Спикер олардың заң шығару процесіне

жұртшылықтың араласуының тиімді тетігіне айналғанына назар аударды. «Үкіметпен бірлескен жұмыс барысында кездесетін кейбір проблемалық мәселелерге тоқталып өткім келеді. Нормалар жеткілікті пысықталмайды, сапасы төмен. Соның айқын мысалы – Су кодексі жобасы. Бұл туралы тек депутаттар ғана емес, сарапшылар да айтып жүр. Құрылыс кодексі жобасының да жағдайы осыған ұқсас. Мәжіліске заң жобасын енгізу мерзімі – ерекше назар аударуға тұрарлық мәселе. Жобаларды енгізу мерзімі жиі кешіктіріледі» деді Мәжіліс төрағасы.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов депутаттық сауалдарға берілген жауаптарға тоқталды. Оның айтуынша, сыртта, үстірт жауап беріледі, нақтылық жоқ. Үкімет осы айтылған мәселелерге баса назар аударуы керектігіне тоқталды. Парламент жұмысында сайлаушылармен

тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінеді. Олар осы сессия барысында депутаттар 800-ге жуық елді мекенді аралап, 2000-ға жуық кездесу өткізді.

«Депутаттар сайлаушылардың мәселелерін өз депутаттық сауалдары арқылы жеткізіп отырады. Мысалы, осы сессия барысында Сенат пен Мәжіліс депутаттары Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдарға 727 депутаттық сауал жолдады. Сессия басталғалы бері Үкімет мүшелері 2 рет арнайы шақырылып, сайлаушылардың талап-тілегі отырыста жан-жақты қаралды. Нәтижесінде, азаматтардың сұранысы ескеріліп, мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін тағы бір жұмыс тетігі пайда болды» деді Е.Қошанов.

Бұдан бөлек, өзекті мәселелерді шешу үшін өңірлерге шұғыл сапармен бару депутаттық қызметтің тиімді тәсілі ретінде орнықты. Мәжілістің Қоғамдық

қабылдау қызметі депутаттар мен халық арасындағы дәнекерге айналды. Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата халықтың әртүрлі топтарының мүддесін білдіретін, сан алуан пікірлер еркін айтылатын іргелі орынға айналды. Ерлан Қошановтың айтуынша, Мемлекет басшысының «қоғамдық пікірталастар Парламент қабырғасында болуы қажет» деген идеясы осы алаңдарда нақты жүзеге асуда. Сонымен бірге Электронды Парламент халықтың билікке деген сенімін айтарлықтай нығайтуды көздейді. «Бір ел – бір мүдде», «Инклюзивті Парламент» және «Өңір» депутаттық топтарының қызметі де – осының көрінісі. Спикер парламенттік дипломатияны дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Сессия барысында депутаттар 14 халықаралық парламенттік ұйым аясында белсенді жұмыс істеді. 257 халықаралық іс-шараға қатысып, 38 шет елдің парламентімен ынтымақтастық орнатты.

Сөз соңында Ерлан Қошанов осы сессияда заң шығару жұмысының берік негізін қаланғанын айтты. «Кеше ғана өз сөзінде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент жұмысына он бағасын берді. Ең алдымен, Мемлекет басшысының бастамаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге баса назар аударуымыз керек. Қазіргі кезде Парламент қоржынында 71 заң жобасы бар. Депутаттық корпус енді Бюджет, Салық, Құрылыс, Су кодекстері бойынша жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар біз мүлдем жаңа Цифрлық кодексті күтіп отырмыз. Алдымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет, есірткімен күрес, дін, сот жүйесіндегі реформалар және басқа да мәселелерге қатысты заң жобалары бойынша ауқымды жұмыс күтіп тұр. Парламент, Үкімет және сарапшылар қоғамдастығы үйлесімді әрі жан-жақты жұмыс істеуі қажет» деді Мәжіліс төрағасы. Ерлан Қошанов қорытындылай келе, Үкімет мүшелеріне, азаматтық қоғам белсенділеріне, сарапшылар қоғамдастығы мен БАҚ өкілдеріне бірлесе атқарған жұмыс үшін алғысын білдірді.

ШӘКІРТАҚЫ ӨСЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап колледждер мен ЖОО студенттеріне арналған стипендияларды арттыруды көздейтін Үкіметтің қаулысына қол қойды.

Колледж студенттері үшін шәкіртақы 50 пайызға артып, жұмысшы мамандықтары бойынша 43 574 теңгені, орта буын мамандары үшін 41 896 теңгені құрайды. Бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 20 пайызға артып, 47 135 теңгеге дейін, ал педагогика және медицина бағыттарындағы білім алушылардың шәкіртақысы 75 600 теңгеге дейін ұлғаяды.

Интернатта оқитындарға стипендия 85 376 теңге, ал резидентурада 123 122 теңге көлемінде төленеді. Магистранттар мен докторанттарға шәкіртақы 15 пайызға ұлғайтылады,

оның мөлшері тиісінше 107 061 теңгені және 240 000 теңгені құрайды. Сондай-ақ 2025 жылғы 1 қыркүйекте шәкіртақы бакалавриат студенттеріне 20 пайызға, магистранттар мен докторанттарға 15 пайызға көбейеді.

Жалпы, Мемлекет басшының тапсырмасы бойынша 2020 жылдан бастап шәкіртақыны көбейту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Соның нәтижесінде 2025 жылға қарай ЖОО мен колледж студенттерінің шәкіртақысы екі есеге, магистранттар мен докторанттар үшін 1,75 есеге өседі.



ЕЛІМІЗДЕ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Қазақстанда 1 шілдеден бастап бірқатар заңдар күшіне еніп, көптеген өзгерістер болғаны мәлім. Төменде сондай жаңалықтарға шағын шолу жасадық.

ГАЗ БАҒАСЫ ҚАНДАЙ?



Энергетика министрлігінің мәліметі бойынша, ресейлік бағаға жақындату үшін газдың құнына түзету енгізілді. «Сұйытылған мұнай газының бір тоннасы үшін шекті көтерме баға 45 158 теңге болады (бұрын – 40 320 теңге). Бұл ретте шекті бөлшек сауда бағасы өңірге байланысты литріне 5-тен 8

теңгеге дейін аздап өседі» деп хабарлады құзырлы ведомство.

Энергетика министрлігі сондай-ақ тауарлық газ бағасының көтерілуі тұтынушыларға әсер ететінін атап өтті. Орта есеппен жеке үйге арналған шығын айына шамамен 1080 теңге, пәтер үшін 130 теңге болады.

ТҮЗЕТУЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАЙДЫ

Алдағы екі аптада елордалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары сенатор Бибігүл Жексенбаймен бірлесіп Жергілікті басқару туралы заңға енгізілетін түзетулерді талқылайды. Бұл туралы Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

болса, әлеуметтік желілерде көмелекке толмағандардың сайттың пайдалануына мониторинг жүргізілмейді.

Бүгінде заң шығару процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл тетігін жетілдіру, жергілікті өзі-өзі басқару органдарының өкілдерін кеңінен тарту үшін мәслихат депутаттарының заң шығару қызметіне қатысуын қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты Мәжіліспен Парламент Сенатының жұмыс топтарының құрамына мәслихат депутаттарын қосуды және өзекті мәселелерді шешу үшін айына немесе тоқсанына бір рет жұмыс тәртібімен кездесулер өткізуді ұсындым. Бұл жағдайда мәслихат депутаттары өз сайлаушыларының құқықтық мәселелерін Парламент деңгейінде іске асырады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.



«Мәслихат депутаттарының атынан қолданыстағы заңға бірқатар өзгерістер әзірленді.

Талқыланатын мәселелердің бірі – алкоголь өнімдерін онлайн сату, басқаша айтқанда, егер

сауда орындарында сату уақыты мен жасына байланысты цензура бойынша шектеулер


СІЗДІ КОЛЛЕКТОРЛАР МАЗАЛАМАЙДЫ

Қуанарлық жаңалықтың бірі, 2026 жылдың 1 мамырына дейін «қарызыңызды қайтарыңыз» деп азаматтарға ешкім хабарласпайды. Елдің қарызы көбейіп кетпеу үшін бірқатар ережелер енгізілді. Бұдан былай: 90 күннен асқан берешегі бар азаматтарға тұтынушылық несие беруге тыйым салынады. Алайда қарызды қайта қаржыландыруға бұл тыйым жүрмейді.

2026 жылғы 1 мамырға дейін банктер мен микроқаржы ұйымдарына азаматтардың қарызын коллекторлық агенттіктерге беруге тыйым салынды. 2026 жылғы 1 мамырдан бастап коллекторлық агенттіктерге қойылатын талап шарттары қатаңдатылады. 2026 жылғы 1 мамырдан бастап, несие алушы берешегін 24 ай кешіктірсе ғана істі коллекторларға беруге болады.

Тағы бір өзгеріс, көмелекке толмаған балалары бар отбасыларды және 1 немесе 2-топтағы мүгедектігі бар адамдарды жылыту маусымында жалғыз баспанасынан мәжбүрлеп шығаруға тыйым салынады.

1 шілдеден бастап Банк омбудсмені пайда болады. (Бұған дейін ол тек ипотекалық шарттарға қатысты дауларды қарайтын). Енді құзіреті кеңейді. Қарыз алушы омбудсмендермен



келіскен жағдайда, шешімдерді қаржы ұйымдары орындауға міндетті. Омбудсмендер халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын борышкердің өтініштерін қараған кезде кепілге алынған жылжымайтын

мүлікті өндіріп алуға тыйым салынады. Сондай-ақ осы санатқа жататын азаматтар бұған дейін міндеттемені орындамағанына байланысты банк иелігіне өтіп кеткен жалдамалы баспанасын сатып алуға құқылы.

ӨСІМПҰЛ ЕСЕПТЕЛМЕЙДІ

Әскери қызметшілер мерзімді әскери қызметін өткеру кезінде және демобилизациядан кейін 60 күн ішінде алған қарызына өсімпұл есептелмейді.

Өзгерген заңға сәйкес, азаматтардың банкроттық рәсіміне

өтініш беру тәртібі жеңілдетілді. Алаяқтық әрекеттерге жол

бермеу үшін онлайн қарыздар бойынша міндетті түрде био-

метриялық сәйкестендіру енгізілді. Алаяқтардың ықпалымен рәсімделгенін дәлелдейтін сот актілері бар берешектер Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап кешіріледі.

ИНТЕРНЕТ ТАРИФІ АРТТЫ



«Қазақтелеком» компаниясының ресми сайтында көбірек төлеуге тура келетін тарифтердің толық тізімі жарияланды. Өсім үйдегі

интернетке және 50-ден астам тарифке әсер етеді. Ең төменгі баға – 5999, ең жоғарғы баға 10 999 теңгені құрайды.

ТЕМЕКІ ТАҒЫ ҚЫМБАТТАДЫ



Фильтрлі, фильтрсіз сигареттерге, папиростарға, сигариллаларға және қыздырылатын темекісі бар бұйымдарға ең төмен бөлшек сауда бағасы мынадай мөлшерде белгіленді:

2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанда қоса алғанда 710 теңге; 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 770 теңге.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ТАҢБАЛАНАДЫ



1 шілдеден бастап елімізде фармацевтикалық препараттарды міндетті түрде таңбалау туралы ереже күшіне енді. Осыған байланысты

дәрі-дәрмектер 5 пайызға қымбаттайды. Бұдан былай отандық дәрханалар 3700-ден астам препараттың бағасын өзі белгілейді.



ІРГЕЛІ ҰЙЫМНЫҢ БИІК БЕЛЕСІ



Қалимақбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

БҰҰ ресми сайтының ақпаратына сүйенсек, Антониу Гутерриш елімізге ресми сапармен келеді. Ол 3-4 шілдеде елорда мен Алматыда болып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен, басқа да жоғары лауазымды тұлғалармен және БҰҰ қызметкерлерімен кездеседі. Қазақстандағы БҰҰ тұрақты үйлестірушісі кеңесінің мәліметінше, бас хатшы 4 шілдеде Астанада өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне шақырылған. Ол ШЫҰ Плюс сессиясында сөз сөйлемек.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) – 2001 жылы 15 шілдеде Шанхай қаласында алты мемлекеттің шешімімен құрылған үкіметаралық халықаралық ұйым. Шанхай ынтымақтастық ұйымы қандай да бір елге қарсы бағытталған әскери блок немесе жабық альянс емес, ол – кең халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған, құрамы кеңейтілуге ашық ұйым. «Шанхай бестігі» ШЫҰ-ның ізашары болды, Оған алғашында 5 мемлекет – Қазақстан, Қытай, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан елдері мүше болды. 1996 және 1997 жылдары бес мемлекеттің басшылары Шанхайда және Мәскеуде кездесіп, шекара аумағында әскери сенім шараларын күшейту келісіміне, сондай-ақ шекарадағы әскери күшті қысқарту, сенім шараларын нығайту келісіміне қол қойды. Осыдан кейін бес мемлекеттің аумағында кезегімен кездесу ұйымдастырылып, талқы тақырыбы да кеңейіп, саяси, қауіпсіздік, сыртқы байланыс, экономика және сауда салаларындағы әріптестік дәрежесіне дейін көтерілді. 2001 жылы Өзбекстан ұйымға ресми түрде қосылғаннан кейін ұйым атауы «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» (ШЫҰ) деп аталды. 2017 жылы Үндістан мен Пәкістан ШЫҰ-ға толық мүше атанса, 2023 жылы оған Иран қосылды.

Осылайша қазіргі уақытта ұйымға 9 ел мүше. Олар: Қазақстан, Үндістан, Иран, Қытай, Қырғыз Республикасы, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан. Бұдан бөлек, қазір Ауғанстан, Беларусь және Моңғолия елдерінің бақылаушы-мемлекет статусы бар. Биыл Астанада өтетін саммитте Беларусь елін мүшелікке қабылдау жоспарланып отыр. Ұйымның диа-

лог серіктесі ретінде 14 ел тіркелген. Олар: Әзербайжан, Армения, Бахрейн, Мысыр, Камбоджа, Катар, Кувейт, Мальдив, Мьянма, Непал, Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы, Түркия және Шри-Ланка. Ал ұйымның ресми тілі – орыс және қытай тілі деп бекітілген. Ұйымның жоғарғы органы – Мемлекет басшыларының кеңесі. Ұйымның хатшылығы – Қытай астанасы Бейжің қаласында болса, ШЫҰ-ның аймақтық лаңкестікке қарсы құрылымының бас кеңесі Өзбекстанның елордасы Ташкент қаласында.

Қазіргі кезде ШЫҰ жасыл шардағы 3,5 млрд халық өмір сүретін (әлемдегі халық санының 44 пайызға жуығы) елдердің басын қосқан іргелі ұйымға айналып үлгерді. Ұйымның құрамына БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің екі тұрақты мүшесі (Қытай және Ресей), әлемдегі халық саны ең көп екі мемлекеті (Үндістан және Қытай), БРИКС тобына мүше елдердің үшеуі және G-20 тобын жиырма үш мемлекетінің үшеуі (Үндістан, Қытай және Ресей) кіреді.

Қазақстанның ШЫҰ бойынша әріптес елдермен тең дәрежедегі диалогқа сындарлы және мақсатты қатысуы

ШЫҰ Төрағасы ретінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық пен дәстүрлі достық байланыстарды одан әрі нығайту мақсатында Ұйымды жаңғыртуға және оны одан әрі тиімдірек көпжақты платформаға айналдыруға бар күш-жігерін салды. Осыған дейін аталған ұйымға бірнеше мәрте төрағалық еткен еліміз осы реткі төрағалық кезінде ұйымға мүше мемлекеттердің бірлескен күш-жігерін төмендегі салаларға бағыттауға ден қойды.

- ШЫҰ-ны жетілдіру және оны одан да тиімді платформаға айналдыру;
- ШЫҰ кеңістігінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша әлеуетті нығайту;
- Экономика және сауда саласындағы байланыстарды тереңдету;
- Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты тереңдету;
- ШЫҰ-ны кеңейту және оның халықаралық байланыстарын дамыту.

Еліміз ұйымның төрағалық тізгінін қолға алған кезде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға төрағалық аса маңызды әрі өте жауапты миссия екенін ерекше атап өткен еді. «Ұйымның негізін қалаушылардың бірі

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ШЫҰ ЖАСЫЛ ШАРДАҒЫ 3,5 МЛРД ХАЛЫҚ ӨМІР СҮРЕТІН (ӘЛЕМДЕГІ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ 44 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫ) ЕЛДЕРДІҢ БАСЫН ҚОСҚАН ІРГЕЛІ ҰЙЫМҒА АЙНАЛЫП ҮЛГЕРДІ. ҰЙЫМНЫҢ ҚҰРАМЫНА БҰҰ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ЕКІ ТҰРАҚТЫ МҮШЕСІ (ҚЫТАЙ ЖӘНЕ РЕСЕЙ), ӘЛЕМДЕГІ ХАЛЫҚ САНЫ ЕҢ КӨП ЕКІ МЕМЛЕКЕТІ (ҮНДІСТАН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ), БРИКС ТОБЫНА МҮШЕ ЕЛДЕРДІҢ ҮШЕУІ ЖӘНЕ G-20 ТОБЫНЫҢ ЖИЫРМА ҮШ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҮШЕУІ (ҮНДІСТАН, ҚЫТАЙ ЖӘНЕ РЕСЕЙ) КІРЕДІ

Қазақстанның өңірдегі ұстанымын күшейтіп, ықпалын арттырды. 1996 жылы Шанхай үдерісі басталғалы бері Қазақстан – ШЫҰ аясында жан-жақты өзара іс-қимылдың белсенді қатысушысы болып келеді. Қазақстан Ұйымның аясында өтетін лаңкестікке қарсы әскери жаттығуларға, ғылыми конференциялар мен форумдарға тұрақты қатысып, ШЫҰ құқықтық базасының нығаюына үлкен үлес қосты. 2006 жылы 15 маусымда Шанхайда өткен саммитте Қазақстан ШЫҰ Азия энергетикалық стратегиясын жасауға бастама көтерді. Бұл ШЫҰ-да сауда-экономикалық салада тәжірибелік ынтымақтастықтың басталуына түрткі болды. Қазақстанның ұйым аясындағы сауда-саттық істері де өркендеп келеді. Мәселен, ШЫҰ елдерінен былтыр Қазақстанға 4,6 млрд АҚШ доллар көлемінде инвестиция тартылса, тауар айналымы 66 млрд АҚШ долларын құрап, 7,5%-ға өсті.

2023 жылғы 5 шілдеден 2024 жылғы маусымға дейін Қазақстан Республикасы Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. Осы уақытта еліміз

және көпжақты диалогты дамытудың белсенді қолдаушысы ретінде Қазақстан Ұйымды өзінің теңгерімді сыртқы саясатындағы тұрақты басымдық ретінде қарастырады. Төрағалығымыздың қағидаттары мен кең ауқымды күн тәртібін әзірлеу кезінде де дәл осы уәждер басшылыққа алынды. Біздің күш-жігеріміз қауіпсіздік мәселелерін шешудің ортақ тәсілдерін әзірлеуге, сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, экологияны қорғауға жәрдемдесуге және халықтарарымыз арасындағы достық байланыстарды нығайтуға бағытталатын болады» деп баса айтқан болатын. Бір жылдан бері атқарылған жұмыстарға үнілсек, Қазақстан осы міндетті де абыроймен атқарғаны байқалады.

Сонымен, Астана саммитінен бастап ШЫҰ толыққанды «Шанхай ондығы» форматында жұмыс істейді. Енді ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы саясат, экономика және сауда, ғылым-техника, мәдениет, білім, энергетика, көлік, қоршаған ортаны қорғау және басқа салалардағы ынтымақтастық тіпті де кеңейе түспек.

ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ПРЕЗИДЕНТ БАСТАМАСЫН ЖАЛҒАСТЫРСА, БАҚ ӨКІЛДЕРІ БАСПАНАЛЫ БОЛАР ЕДІ

Өткен апта соңында елімізде БАҚ өкілдері кәсіби мерекесін атап өтті. Қаламының ұшында қоғам дертін көзге шұқып көрсетіп, билік назарын соған аударту арқылы шешімін табуға ықпал ететін және елдегі барлық оң өзгерістерді ең алдымен жеткізетін мамандық иелерінің марапатқа бөленетін мерекесі Мемлекет басшысының назарынан да тыс қалмайды.

Осы жолы да Президент елдегі ең мықты деген журналистерді Ақордада жинаған кезінде: «Журналист – мәртебелі мамандық. Ол – ақиқат сөздің, өткір ой мен шынайы пікірдің және әділ істің жақтаушысы. Сондықтан біз медиа саласының мамандарына әрдайым зор құрметпен қараймыз. Түптеп келгенде, мемлекет те, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай. Кез келген еңбек бағалануға тиіс. Өркениетті қоғам масс-медиа мейлінше дамуына ерекше қадірлейді. Жыл сайын елімізде үздік журналистерге сыйлықтар табысталады. Бұл – қалыптасқан дәстүр. Бұдан бөлек, былтырдан бері мереке қарсаңында журналистерге пәтер кілтін табыстауды дәстүрге айналдырдық. Бұл үрдіс биыл да, алдағы уақытта да жалғаса береді» деген болатын.

Иә, расымен қазіргідей құбылмалы заманда халыққа жан-жақты сарапталған, тексерілген, шынайы ақпаратты ұсынудың, азаматтарды адастыратын ақпаратқа жол бермеудің маңызы зор. Осы жолда ұлт мүддесін көздеген ақпарат құралдарында ондаған жылдар бойына еңбек етіп жүрген журналистер көп. Олардың көбі, әсіресе, аймақтағы журналистер аз ғана жалақымен жүрсе де, баспанасыз жалдамалы пәтерлерде күн кешсе де қаламын басқа кәсіптерге айырбастамай, өз қызметіне адал болып қалауда. Өз мамандығын шынайы жақсы көретін сондай журналистерге Президент бастамасымен соңғы екі жылда 132 пәтер беріліпті. Соның ішінде биыл да бірқатар БАҚ қызметкерлеріне 67 пәтер беріліп, журналистер қоныс тойын тойлауда.

Сол пәтерлер кілттерін тиісті журналистерге табыстаған Мемлекет басшысының кеңесшісі – Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли «Даға» Президенттік бастамалар қорының ұйымдастырумен мұндай шара осымен екінші жыл қатарынан өткізіліп отырғанын жеткізді.

– Шыны керек, журналистер арасында «біз не мемлекеттік қызметшілердің, не бюджеттік мекеме қызметкерлерінің санатында жоқпыз, мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көре алмаймыз» деген мәселе Парламентте де айтылатын. Былтыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен сол оқлықтың орны толып, жыл сайын журналистерге баспана беру дәстүрге айналды. Өткен жылы Мемлекет басшысының атынан БАҚ қызметкерлеріне 1 және 2 бөлмелі 65 пәтер, ал биыл 67 пәтер берілді. Оның ішінде, 13-і – 3 бөлмелі,

45-і – екі бөлмелі, 9-ы – бір бөлмелі пәтерлер. Ең бастысы, пәтер кілттері еліміздің дамуына, Мемлекет басшысы жүргізіп отырған реформаларды халыққа жеткізуге елеулі үлес қосып келе жатқан БАҚ өкілдеріне, оның ішінде баспанаға шын мәнінде мұқтаж жандарға беріліп отыр. Атап айтқанда, 21 пәтер көпбалалы отбасыларға, 5 пәтер жалғызбасты аналарға берілді. Сонымен қатар отбасында мүмкіндігі шектеулі баласы немесе жұбайы бар 11 азамат баспаналы болды. Пәтер алған БАҚ саласы қызметкерлерінің арасында 6 жанұя осы уақытқа дейін жатаханада тұрып келген. Бір отбасы баспаналы болса, қуанып, халықтан сүйінші сұрайтын журналистердің үйлі болуы – өте қуанышты жағдай. Бұл игі дәстүр алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді ол пәтер кілтін табыстау жиынында.

Расында қаламының қуаты күшті, айтары бар, елдің өзекті мәселелерін жетеріне жеткізіп айтып, журналистиканың дамуына үлес қосып жүрсе де көптеген журналистердің пәтер ала алмауына қызмет ететін мекемесінің бюджеттік сала болмағаны да кедергі келтіретіні рас. Мемлекеттен үй алуда мұғалім мен дәрігер, басқа да бюджеттік сала қызметкерлеріне арналған түрлі бағдарламалар болса да, соның ішінен журналистерге үй алу тетіктері қарастырылмағаны қынжылтатын. Бұл мәселе жақында қабылданған «Масс-медиа» туралы заңда да қамтылуы керек деген ұсыныстар да берілді. Осы ретте екі жылдан бері Мемлекет басшысының өзі көтерген бұл бастама біраз сала маманының пәтерлі болуға деген үміт отын оятты.

Тек ең бастысы – пәтерден пәтерге көшіп, бала-шаға қамымен жүріп, қоғамның жарасын жазамын деген БАҚ өкілдерінің арасынан лайықтысы, шын мұқтажы алса екен дейсің. Оларды іріктегенде және пәтер алуға ұсынғанда сол БАҚ-қа көп жылдық еңбегі сіңген, журналистік қызметімен түйінді мәселелердің шешімін табуына шын мәнінде атсалысып жүрген және баспанасы жоқ жандардың тізімі берілуі керек.

Сонымен қатар Президенттің өзі көтеріп отырған бұл игі бастаманы жергілікті әкімдер қолдап, осыны үлгі етсе БАҚ саласындағы біраз замандас әріптестеріміз қоғамдағы басты мәселесін шешіп, әрі қарай ештеңеге алаңдамай, елдік мүдде жолындағы қызметіне қарқынмен кірісіп, саладағы сан тақырыпты жазуда еркін көсілер еді. Сондықтан алдағы уақытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы игі бастамасына жан-жақты үлес қосатындар қатары көбейіп, әсіресе, жергілікті билік тарапынан қолдау табады деген сенімдеміз.



«ЖАС САРБАЗ» ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған бір топ мәслихат депутаты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығына барды. Депутаттарға «Жас сарбаз» жастар ұйымының астаналық жастар арасында әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша іс-шаралар кешені таныстырылды.

Атап айтқанда, мәслихат депутаттары «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының жұмыстарымен және «Jas Sarbaz hub» коворкинг орталығымен танысты.

Мәслихат төрағасының айтуынша, елорданың 60 мектебі мен 20 колледжіде «Жас сарбаз» сынптары мен клубтары жұмыс істейді. Жыл сайын қозғалыс қатарына мыңнан астам жасөспірім кіреді, ал ұйым құрылған сәттен бастап Астанада 150-ге жуық әскери-патриоттық клубтар мен сынптар ашылды.

Тәрбиеленушілердің жалпы саны 10 000 адамнан асады. Осы жылы 20-дан астам ірі іс-шараларды іске асыру жоспарлануда.

Жиында «Жас сарбаз» қозғалысын әрі қарай дамыту жөнінде ұсыныстар айтылып, алдағы атқаратын жұмыстар бекітілді. Ерлан Каналимов мәслихаттың бейінді комиссиялары мен жауапты мемлекеттік органдарға «Жас сар-



баз» әскери-патриоттық бағытының жобасы шеңберінде жастар арасында әскери-патриоттық тәрбие деңгейін

арттыру және балалармен сабақ ұйымдастыру бойынша бірыңғай кешенді жоспар әзірлеуді тапсырды.

СТУДЕНТТЕР ӘСКЕРИ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Мақсұт Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университеті әскери кафедрасының студенттері «Отан қорғаушы» монументінің алаңында әскери ант қабылдады.



Айбынды ант қабылдау рәсімі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, Қазақстан Республикасының алғашқы Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов 100 жылдығына орай және аталған университеттің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылып отыр.

Іс-шараға әскери бөлім басшылығының өкілдері, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері және сту-

денттердің ата-аналары мен туыстары қатысты.

Ең әуелі Ту ұстаушылар ортаға шықты. Одан кейін рота командирінің арнайы бұйрығымен сапта тұрған 121 курсант әскери ант қабылдауға дайын екендіктерін жеткізді. Ант қабылдаудың алдында Мақсұт Нәрікбаев атындағы аталған университеттің әскери кафедрасының жетекшісі, отставкадағы полковник Амангелді Ибраев жас сарбаздарды сапқа тұруымен құттықтаса,

оқу жиынының бастығы полковник Серікхан Қайырханов студенттерге сәттілік тіледі.

– Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызды өтеуге әрбір азамат міндетті. Себебі туған жерді, елді, атамекенді қорғау – қасиетті борыш. Ер азамат әскерге баруды абыройлы міндет ретінде сезіне отырып, ел алдында берген антты орындайтын үлкен асу баспалдағы тұрғанын естен шығармауы тиіс. Бұл қадам әскери борышты өтеуден, ал оқу орындарында әскери кафедранан бастау алады, – деді полковник.

Сонымен қатар балаларының әскери ант қабылдап жатқан сәтін көруге келген ата-аналар да өз толқынысын жасырмады.

– Әскер – мемлекеттің тірегі, Отан ұлттың жүрегі. Ал сол жүректі аялап, қорғауға ұл да, қыз да міндетті. Мен бүгін немеремнің әскер қатарында тұрып ант қабылдауына келіп отырмын. Оны кішкентай кезінен бастап отансүйгіштікке баулыдым. Енді, міне, сол тәрбиенің нәтижесін көріп, қуанып тұрмын, – дейді Астана қаласының тұрғыны Бекмұрат Қуанышов.

Иә, ер жігіт үшін елінің қорғаны болудан артық арман жоқ. Кафедраның саптық плацта сап түзеген білім алушылары енді 2 жыл әскери тәртіппен өмір сүреді. Оларға жоғары оқу орны дипломын алар кезде әскери билет де тапсырылады.

Шапағат ӘБДІР

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында елорданың 2024-2026 жылдарға арналған бюджетіне енген өзгерістер мақұлданды.

ҚОСЫМША ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

Жиында баяндама жасаған қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев жеке табыстар бойынша жоспарды ұлғайту ұсынылғанын атап өтті. Соның ішінде салықтық, салықтық емес түсімдер бойынша және негізгі капиталды саудан түсетін табыстар артатынын жеткізді. Бұған қоса, апатты үйлер тұрғындарын көшіріп, пәтерлерді сатып алу үшін мемлекеттік құнды қағаздар шығарылады.

Сондай-ақ бірқатар қалалық басқарма мен аудандардың әкімдіктеріне қосымша қаржы бөлінеді. Атап айтқанда, Білім басқармасына оқулықтарды сатып алуға, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына сатып алған санитарлық көлік бой-

ынша лизинг төлемін жабуға, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына облигациялық қарыз бойынша міндеттемелерді өтеуге, Энергетика басқармасына жылу энергетикасы мен газды тасымалдау жүйелерін дамытуға, Коммуналдық шаруашылық басқармасына «Астана Тазалық» ЖШС-на техника алуға және «Астана су арнасы» МКК-ның су бұру жүйелеріне реагенттерді сатып алуға, Есіл ауданы әкімі аппаратына абаттандыру элементтерін жөндеуге, Сарыарқа ауданы әкімі аппаратына аумақты санитарлық тазалауға және басқа да шығындарға қосымша қаржы қарастырылған.

Мәнсия СӘКЕНОВА

8 МЫҢ ПОЛИЦЕЙ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАҚЫЛАЙДЫ

Қаладағы стратегиялық нысандармен қатар, мешіттер мен шіркеулер қатаң бақылауға алынбақ. Ауқымды іс-шара өтетін күні шамамен 8 мыңға жуық полицей қызметке кірісіп, қауіпсіздікті бақылайды.

Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитін өткізу кезеңінде құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында полицияның жеке құрамы қызмет өткерудің күшейтілген нұсқасына ауыстырылды. Бұл ақпаратты қалалық Полиция Департаментінің баспасөз қызметі таратты.

Көшелерде және мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда қосымша қауіпсіздік шаралары қабылданды. Жасақтар саны ұлғайтылды, бейнебақылау камераларын пайдалану арқылы визуалды бақылау күшейтілді.

Қалаға кіреберісте «Рубеж» поли-

циясының стационарлық бекеттері жұмыс істейді, онда құжаттар және автокөліктер тыйым салынған заттардың бар-жоғына тексеріледі.

Автожолдарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Делегациялардың арнайы колонналары өтетін кезінде елорданың сол жақ жағалауындағы магистральдық көшелердегі қозғалыс уақытша шектеледі. Сонымен қатар, азаматтардың қалаға кіруі мен шығуы бойынша қандай да бір шектеулер қарастырылмаған. Астана полиция департаменті елорда тұрғындары мен қонақтарын қоғамдық тәртіпті сақтауға, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылданатын іс-шараларға түсіністік танытуға шақырады.



ТЕПЛОХОДҚА ЖАЛАУША ІЛДІ

«Жасыл ел» белсенділері елорда тұрғындарын «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» іс-шарасына қатысуға шақыра отырып, теплоходқа жалаушалар ілді. Бұл туралы Астана әкімдігінің ресми сайты хабарлады.

Кезекті экологиялық акция Сарыарқа ауданының аумағында өтті. Оған «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының белсенділері қатысты. «Бұған дейін «Жасыл ел» еңбек жасақтары Есіл өзенінің жағасын тазартты. Акцияның жалғасы ретінде қала жастарымен бірлесіп, теплоходқа жалаушалар іліп, елорда



тұрғындары мен қонақтарын экологиялық тазалыққа қатысуға шақырамыз. Жас ұрпаққа табиғатты қорғау және тәртіпті сақтау қажет екенін түсіндіру қажет» дейді Астана мәслихатының депутаты Арсланбек Мағзұм.

Экоакциялар қаланың барлық аудандарында тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Белсенділердің бірі бұл акция тәрбиелік сипатқа ие екенін атап өтті. «Мен үш жыл бойы белсенді қызметпен айналыстым. Бүгінгі таңда елорданың жас тұрғыны ретінде шет қалған жоқпын және ауқымды экологиялық акцияны өз тарапымнан қолдадым. Еліміздің барлық азаматын іс-шараға қатысуға шақырғым келеді, өйткені акцияның тәрбиелік маңызы зор» деді «Жастар рухы» жастар қанатының белсендісі Дидар Құрман.

№78 (4666) 02/07/2024 Сейсенбі

АУЛАДА СПОРТПЕН АЙНАЛЫС

Елордалықтарға жаттықтырушымен бірге тегін және тікелей өз ауласында спортпен шұғылдануға мүмкіндік беретін AULAFIT әлеуметтік жобасы жалғасып жатыр. Бүгін жоба қатысушылары таңғы жаттығуды экоакцияны қолдау мақсатында ерекше өткізді.

Таңғы жаттығуға жиналған астаналықтар сенбілікке қажетті спорттық жабдықтармен түрлі жаттығу жасап, қалада өтіп жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдайтындарын білдірді.

AULAFIT әлеуметтік жобасының жетекшісі Айтжан Мусиннің сөзінше, алдағы уақытта өзге аулаларда да таңғы және кешкі жаттығу барысы қызықты өткізілмек.

– Бұл жоба осыдан төрт жыл бұрын бастау алып, еліміздің түкпір-түкпірінде кеңінен жүзеге асырыла бастады. Айтулы жоба арқылы қала тұрғындары жаттықтырушымен бірге тегін әрі өз иінін ауласында спортпен шұғылдана алады. Оның аясында жаттықтырушылар күнделікті әр аулаға барып, футбол, баскетбол, волейбол сияқты командалық ойындар бойынша және жалпы физикалық дайындық бойынша жаттығулар жүргізеді. Қатысамын деушілердің жасына



шектеу қойылмайды. Бүгіннен бастап барлық аула тұрғындары «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясын қолдау мақсатында жаттығудан кейін аулаларын жинастырады. Одан бөлек, жаттығу барысын да ерекше өткізді. Алдағы уақытта бұл үрдіс барлық аулада жалғасын табады» деді А.Мусин.

Бүгінде әлеуметтік жоба елордадағы 30 аулада жүзеге асып жатыр. Оған 3 мыңнан астам қала тұрғыны қатысып, күнделікті спортқа деген белсенділігін көрсетіп жүр. Солардың бірі – 66 жастағы Әділет Ерғалиева. Елорда тұрғыны жоба басталғалы таңғы және кешкі жаттығуларға тұрақты түрде қатысып келеді.

– Мен екі аптадан бері, яғни осы жоба басталғалы таңғы жаттығуға қатысып жүрмін. Өте керемет жоба. Осында келіп, дене жаттығуларын жасаймыз. Әдетте үйде отырғанда мұндай жаттығуларды ескермейміз, дегенмен денсаулық үшін спортпен айналысу маңызды. Сондықтан да бұл жоба біз сияқты апаларға өте пайдалы. Бәріміз таңертең және кешке бір сағат бойы спортпен шұғылданамыз. Жаттықтырушымыз – Жантөре мәдениетті және сыпайы жігіт. Ол бізге жаттығуды қалай дұрыс орындау керек екенін түсіндіріп, үйретіп жатыр. Біз апалар болып жоба ұйымдастырушыларына және жаттықтырушымызға алғыс ай-

тамыз, – деді Әділет Ерғалиева.

Таңғы жаттығуға қатысушылар одан кейін аула аумағында тазалық жұмысын жасады. Жалпы елордалықтар жаттықтырушымен тегін және тікелей аптаның әр дүйсенбі, серсенбі және жұма күндері қаланың 15 жерінде, ал сейсенбі бейсенбі, сенбі күндері өзге 15 аулада спортпен шұғылдана алады.

Яғни, таңғы сағат 9-дан бастап аға буын үшін, ұлдар мен қыздар үшін сағат 10:00-де жаттығулар өтеді. Ал кешке 17:00-ден бастап 6-10 жастағы балаларға арналған сабақтар, 18:00-де 11-15 жастағы балаларға арналған сабақтар және 19:00-де жастарға арналған жаттығулар өтеді.

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

САЛЫҚТЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ТӨЛЕУГЕ БОЛАДЫ


Бүгінгі таңда Астанада мемлекеттік қызметтердің 99 пайызы салық төлеушілерге электронды түрде қолжетімді, сондықтан мемлекеттік кірістер органдарына барудың қажеті жоқ. Бұл туралы қалалық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Мемлекеттік кірістер департаментінің Астана қаласы бойынша мемлекеттік қызметтер басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айгүл Әлімова мәлімдеді.

– Сұранысқа ие мемлекеттік қызметтің бірі «салық есептілігін кері қайтарып алу» болып саналады. Осы жылдың 5 айында бұл қызмет 49 364 рет, барлығы электрондық түрде көрсетілді. Осы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі Мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына 13-қосымшада айқындалған, – деді Айгүл Әлімова.

Оның айтуынша, мемлекеттік қызмет көрсетудің екі тәсілі бар. Оның біріншісі – көрсетілетін қызметті беруші және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы, ал екіншісі – «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталындағы салық төлеуші кабинеті арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет құжаттарды ұсынғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде тегін көрсетіледі. Салық есептілігін кері қайтарып алу қызметі кері қайтарылатын салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабынан алынатын жою әдісі арқылы немесе бұрын ұсынылған салық есептілігіне салық төлеуші (салық агенті) мәлімдейтін өзгерістер және толықтырулар енгізілетін өзгеріс әдісі арқылы жүргізіледі.

– Келесі талап етілетін қызмет салықтарды, бюджетке



төленетін төлемдерді, өсімпұлдарды, айыппұлдарды есепке жатқызу және қайтару болып саналады. Биылғы 5 ай ішінде бұл қызмет 41 467 рет, соның ішінде 41 325 электронды түрде және 142 қызмет қағаз түрінде көрсетілді. Бұл қызметтің тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығымен бекітілген Дербес шоттарды жүргізу қағидаларында айқындалған. Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлдарды, айыппұлдарды есепке жатқызу мен қайтаруды жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге, соның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы, сондай-ақ «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы және «салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы» арқылы жүргізеді. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – көрсетілетін

қызметті алушы салықтарды, бюджетке төлемдерді есепке жатқызу және қайтару болып саналады. Биылғы 5 ай ішінде бұл қызмет 41 467 рет, соның ішінде 41 325 электронды түрде және 142 қызмет қағаз түрінде көрсетілді. Бұл қызметтің тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығымен бекітілген Дербес шоттарды жүргізу қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес, тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушылардан тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді. Мемлекеттік қызметтер электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға бару тәртібімен ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжат-

тарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жібереді. Құжаттарды электрондық түрде ұсынған кезде құжаттарды өңдеу автоматтандырылған түрде жүргізіледі.

Салық төлеуші құжаттардың және қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қабылдаудан бас тартады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі салықтық, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомасын есепке жатқызу және қайтару немесе салықтық, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың, айыппұлдың артық төленген сомасы болмаған жағдайда, сондай-ақ Салық кодексінің 101-бабында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша дәлелді бас тарту болып саналады.

– Салықтың, төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомасын қайтару Салық берешегі болмаған кезде жүргізіледі. Қайтару Салық өтінішінде көрсетілген салық төлеушінің банктік шотына жүзеге асырылады. Мұнда есепке жатқызуға/қайтаруға өтініш беру мүмкіндігі «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы да іске асырылғанын айтқым келеді. Мемлекеттік қызметтердің 99 пайызы салық төлеушілерге электрондық түрде қолжетімді, сондықтан Мемлекеттік кірістер органдарына барудың қажеті жоқ екендігін, сондай-ақ ережелер мен стандарттардың Мемлекеттік кірістер органдарының ресми интернет-ресурсы kgd.gov.kz сайтында орналастырылғанын жеткізгім келеді, – деді Айгүл Әлімова.

Астанада 400 АЕК-ке дейінгі қайтарымсыз грант бойынша комиссия отырысы жұмысын аяқтады. Алғашқы лекте Астана қаласының Еңбек мобильдігі орталығына 721 адам өтінім беріп, бизнес-идеяларын ұсынған.

63 АЗАМАТ ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ АЛДЫ

Ағымдағы жылдың 3-7 маусым аралығында үміткерлер комиссия алдында жобаларын қорғап, нәтижесінде 63 адамға қайтарымсыз грант мақұлданды. Әлеуметтік осал топ азаматтарының бизнес-жобасын жүзеге асыру мақсатында берілетін қайтарымсыз қаражат алуға өтінімдер электронды форматта қабылданды. Бұл қолдауға еңбекке қабілетті мүгедектігі бар адамдар, қандастар, атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылар, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырғандар отбасылар, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алатын отбасылар тарапынан өтінімдер түсті. Қатысушылардың жұмыссыздыққа тіркелген немесе тіркеу мерзімі 3 жылға дейінгі жеке кәсіпкер болуы керек еді. Сонымен қатар, үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқығаны туралы мерзімі үш жылдан аспайтын сертификаты болуы шарт.

Комиссия отырысының

ашықтығын қамтамасыз ету үшін, әлеуметтік желілердегі ресми парақшалар арқылы тікелей эфир ұйымдастырылып, қала тұрғындары жұмыс барысына қоғамдық бақылау жасады. Комиссия өкілдері бизнес-жобалардың өміршеңдігіне, бәсекеге қабілеттілігіне және үміткердің кәсібилігіне назар аударды. Бұл ретте тамақ өнеркәсібі, тігін ісі және білім беру қызметтерін көрсету саласына басымдық берілді. Сонымен бірге тұрмыстық сервистік қызметтер, қоғамдық тамақтану, өнер, спорт, ойын-сауық, демалыс, күтім және сәулілік саласындағы, медициналық және әлеуметтік қызметтер ұсыну жөніндегі жобалар мақұлданды.

Қазіргі таңда грант иегерлерімен келісім-шарт жұмыстары жүргізілуде. Бұл қолдау тұтынушылық мақсатқа, кредитті өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер телімдерін сатып алуға берілмейді.

Астанада Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері, полиция, Ұлттық ұлан қызметкерлерімен, қоғам белсенділермен және еріктілермен бірлесіп, қала су айдындарында рейдтер мен патрульдеу жұмыстарын күн сайын жүргізеді.

ЕКІ АДАМ ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Астана қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Ренат Смағұловтың айтуынша су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды.

– Су айдындарының жабдықталмаған учаскелерінде шомылу, мас күйде суға түсу және балаларды су маңында ересектердің қараусыз қалдырудың соңы қайғылы жағдайға алып келуі мүмкін. Биыл суға түсу маусымы басталғалы елордалық су қоймаларында 2 адам құтқарылды, оның біреуін төтенше жағдайлар қызметінің құтқарушылары патрульдеу кезінде, екіншісін ҚР ҰҰ 5573 әскери бөлімінің сарбазы құтқарды.

Елорданың су айдындарында адамдардың қаза болуын болдырмау мақсатында аудан әкімдіктерімен бірлесіп, су айдындарының қауіпсіздік және жабдықталмаған учаскелеріне ақпараттық стендтер және жүзеге тыйым салынған ескерту белгілері орнатылды, – деді басқарма бастығының міндетін атқарушы.

Күн сайын Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері, полиция, Ұлттық ұлан қызметкерлерімен, қоғамдық белсенділермен және еріктілермен бірлесіп, қала су айдындарында рейдтер мен патрульдеу жұмыстарын жүргізеді, онда су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі. Азаматтарға судағы қауіпсіздік туралы ескертулер мен буклеттер таратылады.

Бүгінгі таңда елордада шо-

мьлуға рұқсат етілген 5 учаске су айдындары бар. Олар: Орталық жағажай, «Көктал-1» тұрғын алабы «Три пескаря» жағажай аймақтары, Күйген-жар «Армина», «Столичный двор» және Бейсекова көшесіндегі көпір жанындағы коммуналдық жағажай.

– Сонымен қатар су қоймаларындағы ережелерді бұзғаны үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын атап өткім келеді. Осылайша, тек суға шомылу кезеңінің басынан бастап, полиция қызметкерлерімен бірлесіп, су қоймаларының жабдықталмаған жерлерінде рейдтер жүргізген кезде, тәртіп бұзушыларға қатысты жалпы сомасы 629 мың 486 теңгеге 46 әкімшілік хаттамалар толтырылды. Осыған байланысты, Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті қаланың су айдындарында адам өлімінің алту белгілері орнатылды, – деді басқарма бастығының міндетін атқарушы.

– Сапар Қайратұлы, мәслихаттардың ел өмірінде, елорда тынысында алатын орны қандай?

– Елорданың, жалпы біртұтас ел тынысында мәслихаттардың алатын орны зор. Бұл өкілді органның әлеуетін дұрыстап пайдалана білсек, шығарған шешімдерін дұрыс қолдана білсек, сөзсіз алға басамыз. Бұл – жергілікті өзін-өзі басқарудың үлкен институты ғой және халық пен билік арасындағы алтын көпір. Мәслихатқа әр партиядан сайланған депутаттардың жұмысына көп нәрсе байланысты.

Биыл Қазақстан мәслихаттарына 30 жыл толып отыр. Кешегі кеңестік тоталитарлық жүйеден кетіп, қазір халыққа жақындаудың қадамдары жасалып жатыр. Астана мәслихаты бүгіндері бас қаланың дамуына үлкен үлесін қосуда. Өзім атқарушы билікте қызмет істегенде мәслихат депутаттары арасында көптеген елге сыйлы, нағыз халық қалаулылары дейтіндей азаматтар болды. Олармен қоян-қолтық жұмыс істеп, ақылын тындап, тәжірибе жинақтадық. Сол уақытта бұл азаматтармен ақылдаса отырып, Астанада көп мәселені шештік. Елорданың қалыптасу кезеңдерінде, ел үшін қиын өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының аяғы, екі мыңыншы жылдардың басында сол азаматтар бас қаланың өркендеуі үшін барын салды. Сарыарқа ауданында 4 жыл, Алматы ауданында 6 жыл әкім болғанымда қалалық мәслихаттың қолдауының арқасында абыройлы жұмыс атқардым деп ойлаймын.

Қазір көптеген өзгерістер болып жатыр. Бұл – уақыт талабы. Уақыт деген зымyraп өтуде, кешегі күннің табыстары бүгінгі күні жарамайды, кешегі күннің механизмдері бүгін ескірді. Соған сәйкес мәслихаттың алдында да үлкен жұмыс тұр. 30 жылда жиналған тәжірибені ескеріп, соған бүгінгі мәслихат депутаттары, жаңа буын жол көзкізеді деп ойлаймын.


– Өзіңіз қалалық мәслихат депутаты кезінде қандай проблемаларды шешілуіне атсалыстыңыз?

– Ең басты мәселе – халықтың тұрмыс-тіршілігі ғой. Тұрғын үйлердің жылумен қамтамасыз етілуі – инженерлік желілердің үздіксіз жұмысы. Осының бәріне инвестиция бөлу керек. Қалалық мәслихат депутаты болғанымда Оңтүстік-шығыс секілді шағын аудандарда, қаланың шеткі аймақтарында көптеген жол салынды. Сол аймақтар

ТҰРҒЫНДАР ТҰРМЫСЫНА ЫҢҒАЙЛЫ ҚАЛА



Саяси қайраткер Сапар Ахметов өмірінің ширек ғасырын мемлекеттік қызметке арнап, бас қаланың өркендеуіне зор үлес қосты. Атап айтқанда, Астана қаласы әкімі аппаратында жетекші маманнан бастап, аппарат басшысына дейін өсті. Елорданың Сарыарқа және Алматы аудандарын басқарды. Қызмет жолы «Нұр Отан» партиясының Астана қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Астана қаласы мәслихаты V шақырылымының депутаты, Парламент Мәжілісінің депутаты болып жалғасты. Қазір де Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде елорданың дамуына атсалысып отыр. Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдық мерейтойына орай Сапар Қайратұлын әңгімеге тартып, Астананың кешегісі, елорда мен елдің бүгінгі өзекті мәселелері жайында сұхбаттастық.



саз-батпақ болып жатқан кездері инфрақұрылымы дұрысталды. Содан кейін тұрғын үйлердің реновациясы, қайта жөндеу, шатырын, қасбетін жөндеу қолға алынды. Әрине, ескірген инженерлік желілерді ауыстыру, абаттандыру жұмыстары да жүргізілді. Сондай-ақ әлеуметтік мәселелерге ерекше көңіл бөлдiк, себебі бұл – ешқашан күн тәртібінен түспейтін мәселе. Мұны дәл уақытында шешіп отырмаса болмайды. Әрине, сол кезде атқарылған жұмыстар бюджетке де, қаланың даму стратегиясына да байланысты болды.

– Мәжіліске депутат болып барғанда біраз мәселені, әсіресе Астананың дамуына қатысты проблемаларды көтердіңіз ғой. Парламенттің төменгі палатасындағы жұмысыңыз жайлы айтып берсеңіз.

– Екі ауданда әкім, елорда мәслихатының депутаты болдым. Кезінде өзін-өзі басқару және мемлекеттік басқару бойынша кандидаттық дис-

сертация қорғадым. Мәжіліске барғанда жылдар бойы жинақталған сол тәжірибемді қолдандым. Төменгі палатада еліміздің «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына көптеген өзгерістер, нақты айтқанда 1200-дей өзгеріс енгіздік. Мәжілісте қолға алған ең басты жұмысым осы болды, 4 жыл сонымен айналыстым. Тиісті жұмыс тобын басқардым. Сонда мемлекеттік органдармен бірігіп, үлкен жұмыс атқардық. Қазір бұл заң өте жақсы жұмыс істеп тұр деп ойлаймын.

– Бұл заңдағы басты өзгеріс ПИК-тен МИБ-ке көшу емес пе?

– Кезінде ПИК мәртебесі заңда дұрыс жазылмаған. Аудан әкімі болғанымда осы проблемаға жолықтым. ПИК басшысын аудан әкімі де ауыстыра алмайтын, оған тұрғындардың да құзыреті жетпейтін. Бұрын осы ПИК-ке қатысты көптеген мәселе туындайтын. Мәжіліске барғанда осыны реттеуді өзіме міндет етіп қойдым. Сол кезде

МИБ институтын енгіздік, заңда реттелмеген мәселелерді реттедік. Пәтерлер жекеменшік болған соң, тұрғын үйге қатысты халықтың өзін-өзі басқаратындай институт керек болды, сондықтан МИБ – мүлік иелері бірлестігі арқылы пәтерлерді тұрғындардың өзінің басқаруына бердік. «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының авторларының бірі болып, Мәжілісте атқарған басты жұмысым – осы.

Бұған қоса, кәсіпкерлік, стандартизация, құрылыс салалары бойынша тиісті заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге атсалыстым. Жалпы 10 шақты заңнаманың жұмыс тобының басшысы болдым. Соған жылдар бойы жинаған тәжірибем, Астана қаласының әкімдігінде, қалалық мәслихатта жұмыс істегенімнің үлкен септігі тиді.

– Қазір де Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде бас қаланың дамуына атсалысып отырсыз. Елорда тұрғындары көбейген сайын

жаңа міндеттер туындады. Осы жөнінде не айтасыз?

– Өткен жылы «Казахстанская правда» газетіне сұхбат бердім. Сонда әр қаланың мөлшері, деңгейі болатынын айтқанмын. Қазір елорданы жылумен қамту мәселесі шешіліп жатыр. Сумен қамту жағынан әлі мәселе бар, өйткені бір су қоймасына қарап отырмыз. Ал аймақта агломерацияны қосқанда 2 миллион халық тұрады. Кезінде Вячеслав су қоймасы салынғанда 300 мың тұрғынға есептелген. Сондықтан осы мәселені шешу керек.

Өзге елдердің тәжірибесін қарап, салыстырамыз. Мысалы, АҚШ астанасы Вашингтонды алайық. Бұл қала тұрғындарының саны шектелген, яғни өспейді. Астана басқаруға, адамдардың тұруына ыңғайлы қала болып қалыптасты. Енді елдің басқа қалаларын дамыту керек. Қазір XXI ғасыр. Кеңес заманында шешілмей қалған бір мәселе бар, бұл – ауыл

мен қаланың арасындағы айырмашылықты жою. Бүгіндері технологиялар дамып жатқанда ауылдарға неге көңіл бөлмейміз, ауыл тұрғындарына неге жағдай жасамаймыз? Неге олар басына күн туғанда немесе денсаулығы сыр бергенде Астанаға ағылуы керек? Ауыл тұрғындарына жағдай жасалғанда тепе-теңдік орнайды, халық Астанаға, Алматыға, елдің басқа қалаларына ағылмайды. Бұл – кешенді, жүйелі түрде шешімін күткен мәселе.

Астанада алтыншы аудан құрылайын деп жатыр, бұл дегеніміз – мегаполис. Ал осындай үлкен қаланы басқару оңай емес. Сондықтан алда үлкен міндеттер тұр. Бұл жерде құрылыс мәселелері, басқа да мәселелер бар. Тиісті жұмыста дамыту да, шектеу де болуы керек. Елорданы дамытуда осындай стратегия болуы қажет деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан
Аманғали ҚАЛЖАНОВ



ДЕПУТАТПЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласы Нұра ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығы және Астана күніне арналған іс-шара өтті.

Оған Астана қаласы мәслихатының депутаты, Аманат партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы Өңірлік даму кеңесінің төрағасы Қанат Естек қатысты.

Аталмыш орталық директоры Мұхтар Еркетаев кіріспе сөзбен ашқаннан кейін Қанат Ғалымжанұлы Астана қаласы мәслихатының атқарылып жатқан жұмыстарына тоқталды. Соның ішінде VIII шақырылымда неше депутат бар екенін, олардың атқаратын

жұмыстары жайлы қысқаша түсінік беріп өтті.

Жалпы Қанат Естекті орталықтың қызмет алушылары «Бозторғай» кітабының авторы ретінде жақсы таниды. Кезінде «Бозторғай», «Бозторғай -2» фильмдерін «Хабар» телеарнасынан тамашалап, автормен кездесіп, фильм туралы ойларын ортаға салған. Кездесу барысында «Армандастар» ансамблі, «Қыздар-ай» мен «Elegance» би топтары өнер көрсетті.

ҚҰРТ АУРУЫ БАҚЫЛАУДА

Биылдан бастап Астана қаласының фтизиопульмонология орталығында туберкулез инфекциясы бар адамдарды квантиферрон тестімен тексеру және анықтау басталды. Бұл заманауи зертханалық тест туберкулез инфекциясын, оның жасырын түрін анықтауға әрі профилактикалық ем жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл туралы толығырақ қалалық фтизиопульмонология орталығының директоры Анна ЦЕПКЕ айтып берді.

Оның айтуынша, манту сынағасы мен диаскинтесттен айырмашылығы, квантиферрон сынағы адам ағзасынан тыс жүргізіледі.

– Тексеру үшін тамырдан қан алынады, нәтиже бірнеше күннен кейін дайын болады. Бұл сынақтың дәлдігі мен ерекшелігі өте жоғары және ол туберкулез инфекциясы болған жағдайда ғана оң нәтиже көрсетеді. Егер бұл тест оң нәтиже берсе, онда денеде микобактериялар бар, бірақ ауру дамымаған, өйткені иммундық жүйе жақсы жұмыс істейді және олардың көбеюі мен таралуын тежейді. Сонымен қатар, адам өзін жақсы сезінеді, аурудың белгілері жоқ, ол басқаларға

жұқпалы емес. Бірақ уақыт өте келе бактериялар ауру тудыруы мүмкін. Статистикаға сәйкес, жұқтырғандардың шамамен 10 пайызы өмір бойы туберкулезбен ауырады. Бұл қауіп әсіресе жас балаларда, иммундық жүйесі әлсіреген адамдарда үлкен. Сондықтан инфекцияны анықтау және оны уақтылы жүргізу өте маңызды, – дейді дәрігер.

Маманның айтуынша, балаларға инфекцияны ерте диагностикалау екі жолмен жүзеге асырылады. Манту сынағы көптеген адамдарға белгілі. Ол жыл сайын инфекция мен ауру қаупі бар балаларға салынады.

– Көп адам мантидың диагностикалық сынағы екеп деп



қателеседі. Бірақ іс жүзінде екеп – бұл перзентханада жаңа туған нәрестелерге берілетін БЦЖ вакцинасы. Сынақ инфекцияны анықтауға көмектеседі, – дейді ол.

Екінші әдіс – Диаскин сынағы. Яғни, манту сынағасының заманауи аналогы. Процедура кезінде тері ішіне туберкулезді рекомбинантты антиген енгізіледі. Аллергиялық реакция тек ауруды тудыруы мүмкін туберкулез микобактерияларында пайда болады, осыған байланысты бұл әдістің дәлдігі

жоғары. Дәрігер профилактикалық ем жүргізу қажеттілігін тағайындайды.

Қазақстан БҰҰ-ның туберкулез жөніндегі кеңесінің саяси декларациясына қосылған. 2035 жылға қарай эпидет ретінде туберкулезді жоюға бағытталған END TB стратегиясын іске асыратын ел ретінде туберкулездің алдын алуға және ерте анықтауға бағытталған іс-шаралардың тұтас кешенін өткізеді. Бүгінде елімізде туберкулездің эпидемиологиялық жағдайы бойынша оң үрдіс байқалады. Соңғы 5 жылда аурудың өлім-жітім көрсеткіші 2019 жылғы 2-ден 2023 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 1,7 есеге төмендеді. Туберкулездің таралуы 2019 жылғы 65,4-тен 1,4 есеге, 2023 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 47-ге дейін төмендеді. Қазақстанда туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеу тиімділігі – Еуропа елдері арасында жоғары көрсеткіштердің бірі.

«Өздеріңіз білетіндей, туберкулезді емдеу әрдайым ұзаққа созылған, бірақ қазіргі уақытта ДДҰ қысқа мерзімді емдеуді ұсынады (24 айдың орнына 9-12 ай). Дәріге төзімді туберкулезді емдеу үшін жаңа препараттарды қолдануға байланысты мерзімдерді қысқарту қолжетімді. Амбулаториялық ем алатын туберкулезбен ауыратын науқастар әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылған, оларға психологиялық-әлеуметтік көмек көрсетіледі» дейді Анна Цепке.

Дәрігердің айтуынша, профилактикалық емдеу өкпе туберкулезінің белсенді түрімен ауыратын, АИТВ-инфекциясы бар және туберкулездің белсенді түрінің дамуын болдырмау үшін иммунитетті әлсірететін басқа аурулармен ауыратын адамдарға ұсынылады.

Жұқпалы емес аурулар – әлемнің барлық елі үшін денсаулық сақтау саласындағы негізгі проблемалардың бірі.

ҰЛТТЫҚ STEPS ЗЕРТТЕУІ БАСТАЛАДЫ



Елімізде осындай аурулардың 4 тобы бар. Яғни, жүрек-қан тамырлары, онкологиялық аурулар, тыныс алу мүшелерінің аурулары және диабет. Бұл ауру адамды еңбекке жарамсыз етіп, мүгедек қылады. 80 пайыз жағдайда мезгілінен бұрын өлімге әкеледі. Осы ретте ересек тұрғындар арасында жұқпалы емес аурулардың қауіп факторларын зерделеу мақсатында Қазақстанда ұлттық STEPS зерттеуі басталады. Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасы таратқан мәліметке сүйенсек, зерттеу нәтижелері бойынша жұқпалы емес аурулардың таралуы жөнінде ұлттық есеп шығарылды. Осыған дейін 140 елде жүр-

гізіліп, өз тиімділігін дәлелдеген зерттеу үш кезеңнен тұрады.

Біріншісі, жұқпалы емес аурулармен байланысты мінез-құлық қауіп факторларын бағалауға арналған қатысушылардың үйлерінде жүргізілетін сауалнама. Екінші кезеңде, жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмыс көрсеткіштеріне антропометриялық өлшеу жүргізіледі. Үшінші кезеңде қанның биохимиялық параметрлерін өлшейді. Қысқаша айтқанда, тест жолақтары арқылы глюкоза мен холестеринді анықтайды.

Ұлттық зерттеу 18 жастан 69 жасқа дейінгі халық арасында жүргізіледі. Елордада 300 үйге бару жоспарлануда.



1 шілдеден бастап елімізде барлық дәрілік препараттарды міндетті таңбалау және қадағалау енгізілетін болды. Осылайша, жалған дәрі-дәрмек сату мәселесіне тосқауыл қойылып, азаматтардың қауіпсіздігіне назар аударылмақ.

ДӘРІ-ДӘРМЕК БАҒАСЫ РЕТТЕЛЕДІ



Бұдан былай таңбалау сатып алынған дәрі-дәрмектің түпнұсқасы мен сапасына кепілдік береді. Сатылымға шыққан әр препараттың өндірілген жерінен бастап, емделушіге дейінгі жолын көрсететін электрондық паспорт беріледі.

«Жобаның негізгі қорытындысы – мемлекеттік бюджеттік медициналық бағдарламалар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде пайдаланылатындарды қоса алғанда,

дәрі-дәрмектердің заңсыз саудасын жою. Сонымен қатар таңбалау жүйесі дәрі-дәрмек бағасын реттеуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта медициналық мекемелерді таңбалау кодтарын оқу және тиісті ақпараттық жүйелерді интеграциялау үшін қажетті жабдықтармен жарақтандыру жұмыстары жүргізілуде» деп мәлімдеді Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің басшысы Нұрлан Ысқақов.

ЖҮРЕККЕ КҮТІМ КЕРЕК

Елімізде қатерлі ісік диагнозы жыл сайын орта есеппен 600-ге жуық балаға қойылады. Өткен жылы алғаш рет 39 мыңнан астам балалар онкологиялық аурумен тіркелген.

Жүрек-қан тамырлары ауруларының жиілеп кетуі тек Қазақстанда емес, әлемде де үлкен мәселеге айналды. Сондықтан әр адам қан қысымын, қан құрамындағы холестерин мен қант деңгейін анықтауға мән бергені жөн. Өйткені күйгелектік, дұрыс тамақтанбау, арақ пен темекіге үйірсеңдік, қозғалыстың аздығы жүректің өзгеріске ұшырауына әкеледі.

Бұл аурудың алғашқы белгілері – жүрек пен кеуде тұсының ауырсынуы мен шаншуы, тамыр соғысының жиі соғуы. Алайда адамдардың көбі оған уақытша жағдай деп қарайды да, мән бере бермейді екен. Егер тыныс алуыңыз қиындап, еңтігу пайда болса немесе аяғыңызда ісік пайда болған жағдайда, дереу дәрігерге барған жөн.

Шын мәнінде, күтімі дұрыс жүректің қызметі 150 жылға дейін қауқарлы. Қазіргі таңда жұдырықтай жүрегіміз ерте үзілетін болды. Күллі әлемді алаңдатып отырған жүрек-қан тамырлары ауруларынан көз жұму көрсеткіші біздің елімізде де бірінші орында тұр. Жүрек ауруына кінәлі – ең әуелі азаматтардың өзі. Арақ-шарап пен темекі, стресс, дұрыс тамақтан-

бау, бір орында қозғалмау – бәрі жүрекке салмақ түсіреді. Сөйтіп, ағзамыздағы қан айналымы өзгеріске ұшырайды. Шектен тыс семіру де жүректің дұрыс жұмыс істеуіне әкеледі. Сондықтан салауатты өмір салтын сақтап, тамақтану мәдениетін меңгерген жөн.

Жүрек-қан тамырлары ауруын емдеу екі бағытта жүзеге асады. Біріншісі – алғашқы көмек көрсету болса, екіншісі – аурудың алдын алу. Ол бойынша халық арасында жүрекке қауіп факторларын ауруына себеп болатын факторлардың деңгейін төмендету және ауруға шалдыққан науқастардың жағдайын тұрақты бақылауда ұстау. Яғни, аурудың одан әрі дендеп кетуіне жол бермеу

маңызды. Сонымен, жүрекке жүк түсіретін себептерге назар аударсақ. Шылым шегу, холестерин деңгейінің артуы және қан қысымының жоғарылауы. Осы «үштік» – жүрек-қан тамырлары ауруының ең басты факторлары.

Шылым шегу. Оның қаншалықты зиян екенін елдің бәрі біледі. Ал қойғаннан кейінгі пайдасы өте көп. Мәселен, темекі шекпесеңіз, 20 минуттан кейін артериялық қан қысымы төмендеп, тамыр соғысы қалпына келеді. Бір күннен кейін жүрек ұстамасы қауіп төмендейді. Ал 12 аптадан кейін қан қысымы жақсарыды. Бір жылдан кейін ишемиялық жүрек ауруымен келетін қауіп екі есеге төмендейді.

Холестерин. Қан құрамында холестериннің көбейгені дұрыс емес. Бұл түбінде коронарлық артерияға әкеледі. Аурудың алдын алу үшін майлы тағамдардан бас тартқан жөн.

Қан қысымы. Қан қысымының жоғарылауының 27 пайызы коронарлық артериялардың ишемиялық ауруларына, 42 пайызы инсультқа әкеледі.

Сол үшін артық салмақтан арылып, салауатты өмір салтын ұстанған дұрыс. Ащы, тұзды, майлы тағамдарды жемей, есесіне табиғи өнімдерді тұтынған пайдалы.

Ғалия СЕРМАНИЗОВА,
жоғары санатты
кардиолог-дәрігер





Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

АЛАШТЫҢ АСТАНАСЫ

Біз бұл арада Алаш қаласы деген сөзді де текке айтып отырған жоқпыз. «Алаш партиясы», «Алаш Орда», «Алаш арыстары» деген сөз бұл күнде жиі айтылғанмен, кәрі Семейде кезінде Алаш қаласының құрылғанын жұрттың кейбірі біле бермейді. Алаш арыстары кезінде Семей қаласының жанындағы Заречная слободканы Алаштың орталығы ретінде жариялап, оны «Алаш» қаласы деп атаған. 1918 жылдың наурыз айынан 1920 жылға дейін өмір сүрген Алаш Орда автономиясының ресми астанасы болған бұл қала 10 жыл «Алаш қаласы» атанды да, 1927 жылы «Жаңа Семей» болып өзгертілді.

2022 жылы Абай облысы құрылғаны көпке мәлім. Президенттің жарлығымен жасалған бұл шешім Абай жатқан абыз өлкеге жаңа леп сыйлады, отыз жылға жуық уақыт қараусыз қалғандай күй кешкен көне шаһардың тамырына қайта қан жүгді. Құрылыстар жаңартылып, жаңа кешендер салынды, жолы жасалып, көшесіне көрік кірді. Мұны Семейдің келбетінен де, Семей жұртының «Облыс болғалы көзіміз ашылды» деп бастайтын сөзінен де аңғаруға болады. Осыған қарап, болашақта облыс орталығының іргесі кеңейіп, халқы көбейіп жатса, «Алаш» қаласы да қайта ашылар деген үмітіміз де жоқ емес.

АБАЙ ЖҮРГЕН АРДА МЕКЕН

Рауандап атқан таңмен таласып біздің рухани сапардың екінші күні басталды. Алдын ала белгіленген жолсапар жоспары бойынша Жидебайға барып, қайтарда Бөріліге соқпақпыз. Тобымыздың жетекшісі Астана қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы тіл саясатын үйлестіру бөлімінің бас маманы Гауһар Арыстанқызы баратын жерімізбен алдын ала хабарласып, бәрін шып-шырғасын шығармай орналастырса, ақын Дәулеткерей Кәпұлы жол бойы үлкендерден естіген тарихи әңгімелерін айтып, талай жайға қандырды. Әсіресе, Жидебайға бет алған күні Дәуекен әңгімені түйдек-түйдегімен ағытты.

«Жер – әңгімеші, жер әңгімеші болған соң, ел әңгімеші» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, білген, түсінген, жанымен сезінген адамға тұтас Семей даласы ақтарыла сыр шертіп тұрады. Әсіресе, «Абай», «Абай жолын» оқыған адам Семей даласына аяғы тиген сәттен бастап Абай заманында жүргендей күй кешеді. Бұрын сол өлкеге келіп көрмесе де, Әуезовтің эпопеясын оқыған адам «Мынау Ералы жазығы ғой», «Қасқабулақ қайда екен?», «Ақшоқы алдымызда шығар...» деп алып ұшып отырады. Біз де сондай сезімде отырып, Жидебайға жеттік.

Еуразияның кіндігінде орналасқан Жидебай – Қарауыл өзенінің жайылмасындағы шұрайлы жер. 1891 жылдан

ЖҮРЕККЕ ҚУАТ, КӨҢІЛГЕ ШУАҚ СЫЙЛАДЫ

Кіші бесінде Ескелдіден (Мәшһүр Жүсіп бабамыздың басынан) шығып, айтулы Алаш қаласын, Абай жатқан арда өлкені бетке алған біз сам жамыраған шақта Семей қаласына жеттік. Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы бірлесіп ұйымдастырған «Ұлылар мекені...» ғылыми-танымдық экспедициясына бізді басқарма басшысы Сәкен Есіркептің өзі аттандырып салған болатын. «Біршама жылдан бері ұйымдастырып келе жатқан ғылыми-танымдық экспедицияның түсіндірер тағылымы, берер білімі мол. Биылғы «Ұлылар мекені...» сапарынан сіздер де үлкен рухани олжамен оралады деп үміттенемін» деген еді. Айтып айтпай, қаламгерлерден, журналистерден, сапарға мұрындық болған мекеме қызметкерлерінен ұйымдасқан бұл сапарда Алаш қаласына жеткенше талай мақалаға жүк болатын әңгіме айтылды.

кейін Абайдың қыстауы болған бұл алқапта қазір ақынның музейі үйі бар. Абай, Шәкәрім, Абайдың інісі Оспан, Шәкәрімнің ұлы Ахат марқұмдардан сырт, Абайдың анасы Ұлжан, ұлы шешесі Зере, Оспанның бейбішесі Еркежан жерленген. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына орай салынған Абай, Шәкәрім кесенелері Сарыарқа төсімен жүзіп келе жатқан алып кеме тәрізді, ал Абай мен Шәкәрім қажының басындағы мұнара сол кемеңіз желкені сияқты жобаланған.

Семей қаласынан 180 шақырым қашықтықта орналасқан «Абайдың Жидебайдағы мұражай үйі» ақын өмірі мен шығармашылық жолынан көп мағлұмат беріп тұр. Бес бөлмесі мен үш залдан құралған музей үйінде хакімнің Еркежанға сыйға тартқан күміс ертоқымы, генерал-губернатор сыйға тартқан үш ауызды берен мылтығы, Құнанбай қажының тақиясы мен кісе белбеуі, Ұлжан аның балаларын қырқынан шығарғанда пайдаланған жез легені сияқты тарихи бұйымдар бар. 1970 жылы қайта жаңартудан өткен мұражайдың келген қонақтарға сыйлайтын әсері айрықша. Оның жанынан салынған Абайтану орталығы мен Шәкәрімнің саятқорасына да келген қонақтар мен туристер бас сұқпай кетпейді.

ӨЗ НЕСІБЕСІН ӨЗІНЕН АЯМАЙЫҚ

Турист демекші, аты әлемге әйгілі Абайдың жатқан жеріне жыл сайын неше миллиондап саяхатшы келеді деп айта алмаймыз. Өйткені Семейден қашықтау жерге орналасқан бұл алқапқа қыста келіп-кету қолайсыз. Қарлы боран соқса, жолы жабылып қалатын кезі де көп. Шетелдегі сияқты әйгілі тарихи орындарға күн құрғатпай жүріп тұратын пойыз бұл арада атымен жоқ. Сосын да шығар, жаздың үш айында болмаса, жылдың басқа мезгілінде қонақ аз келеді. 2024 жылды алып

айтсақ, қаңтарда 61, ақпанда 26, наурызда 71, сәуірде 394, мамырда 3136 қонақ келген. Осы сандарға қарап-ақ тұсаулы аттай тыпырлап тұрған еліміздің туризм саласының Абай еліндегі жай-күйін де бағамдауға болатын секілді. Оның үстіне, Жидебайға «кеме» жасап, мұражай ашқанымызбен, оның да түгелделмеген тұрманы, істелмеген жұмыстары көп. Кесене төңірегін жасылданғыру жұмысының өте жылдамдықпен былай қойғанда, сол төңіректің ауызсу мәселесі әлі күнге дейін шешілмеген. Дәрет алатын суды қойып, сол арадағы жұмысшылардың өзі ішетін суын үйден әкеледі екен. Әрине, алыс жолдан аңсап барған, Абай басына зиярат етуге келген кісінің алдымен дәрет алып, содан соң марқұмдарға құран бағыштағысы келетіні анық. Сондықтан бұл мәселеге бейжай қарауға болмайды. Оның үстіне, ауызсу мен дәретхана мәселесінің шешілмеуі – бұл орынның туристерді қабылдауға дайын емес екенін, шарт-жағдайының жетерсіздігінің де көрінісі. Музей үйінің жанындағы тақтайдан шегелей салған, қара шыбын айналмайтын дәретхана өте лас, кәрі адамдар мен балалардың дәрет сындыруына ыңғайсыз,

ішіне түсіп кете ме деп қорқасын. Абайдың 175 жылдығында сатып әкелген бағасы неше миллион теңгелік дәретхана істемей тұр. Қаңқасы сау болғанымен, ішкі жабдықтары жыл өтпей жатып, шағылып біткен-мыс. Оның үстіне, интернет те тұстамайды. Билет алу үшін қолма-қол ақшасы жоқтар телефонын көтеріп, сигнал аулап әлекке түседі. Жылдың төрт маусымында келген жұртты қарық қылады деген абайтану орталығы мен қызмет көрсету орталығы да жаздың үш-ақ айында үзіп-жұмыс істейтін көрінеді. Қыс кезінде оны ашқанмен, шығынын да өтемейді.

Келген қонақтарды қарсы алу, таныстыру жұмыстары да толық жүйеге түспеген тәрізді. Біз барған кезде кесенені таныстыратын қызметкерлер де жоқ, өзіміз аралап, әншейін далада жатқан бір кешенді аралап шыққандай күй кештік. Соның өзінде кесененің де келіспеген тұстарын көзіміз шалды. Жобалаушылар кешеннің су ағарын төменгі қабаттарына су өтіп кетеді. Су өткен кешен ішіндегі мешіт көк сасып тұр. «Жылда ағартып біз де жалықтық. Жыл сайын құдағи қайтқанша қып істеп қояды, келесі жылы тағы су ағады. Мәселені түбегейлі

шешуді ойлап жүрген ешкім жоқ» дейді «атымызды айтаңызшы» деп өтінген азаматтар.

Абайдың 175 жылдық мерейтойында істелген жұмыстардың да асығыс, қолдың ұшымен істелгені көрініп тұр. Пирамида сияқты тас тақтайшаларға жазылған жазулар әлден өшіп, әріп үлкейткішпен көрсен де оқи алмайтын дәрежеге жеткен. Сосын ғой ақын Серікбайдың «Қазақша жазылған жазуды келген қонақтар көп оқып тоздырып жіберген екен, ә» деп мысқылдап жүргені. Әрине, мұның бәрін біз сынап, мінеу үшін емес, Абайға деген жанашырлықпен, қазаққа деген кіршіксіз сезімімен айтып отырмыз. Абаймен мақтанғанда аспандағы айды кеудеміз соққанымызбен, отыз жыл бойы «дамыған елу елдің қатарына қосыламыз» деп еместігімізді үзіліп, ендіккенімізбен Абай және Абайға қатысты жұмыстарымыз ақсап тұрса, ол елдігімізге сын, арауқтан да ұят. Сондықтан Абайдан түскен қаржыны Абайдың өзінен айма, жыл сайын бір мәселені түбегейлі шешіп отыру керек. Өз басым, бұл жұмысқа мемлекеттік деңгейде назар аударылуы керек деп ойлаймын. Сондай-ақ тұтас Жидебай бойынғы саяхат шаруашылығын жандандыру үшін сол төңірекке жоспарлы түрде ел қоныстандырып, сауда орындарын, әртүрлі кешендер салу жұмысын да ертерек ойласқан жөн секілді. Өйткені дәл қазіргідей тәсілмен, Абай жатқан алқаптың танымдық туризмін өркендету өте қиын.

КІТАПХАНАҒА ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕ БЕРСЕК...

Жидебайда Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, Астана қаласы филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы орталыққа астаналық ақын-жазушылардың кітаптарын ұсынып, көделі сыйлық жасаған соң, түс қайта жолға шығып, жолда «Еңлік-Кебек» кесенесіне, Бөрілідегі Мұхтар Әуезов мұражай-үйіне зиярат жасап, Күшікбай бұлағына аялдап, қас қарайған сәтте Семейге қайтып келдік. Кеште Семей қаласындағы жас қаламгерлер дастарқан жайып, үлкен ілтипат көрсетті.

Семей жеріндегі сапарымыздың соңғы күні де аса мағыналы болды. Түстен бұрын Абай атындағы кітапханада жергілікті мәдениет қайраткерлерімен,

ақын-жазушылармен кездестік. Кездесуді ұйымдастырып, жүргізген Абай атындағы кітапхананың директоры Мерей Қарт кітапханада қазір 5500-нан артық сирек қордың барлығын тілге тиек етіп, олардың арасында ғылыми айналымға түспеген, әлі шалғы тимеген еңбектердің де барлығын атап өтті. Осыдан кейін баяндамашылар дерекқордағы Абай туралы, Шәкәрімнің фотосуреттері қалай табылғаны туралы қызықты деректер айтты. Әсіресе, қазір әлеуметтік желіде қызу талқыланып жатқан Шәкәрімнің Шыңғыстау баурайында түскен фотосын қалай тапқанын егжей-тегжейлі түсіндірген Лаура Қадыр бізге Шәкәрімнің 3 фотосы жайлы тамаша түсінік берді. Кездесу соңында сапарластар атынан сөз алған Дәулеткерей Кәпұлы керемет кездесу ұйымдастырған әріптестеріне алғыс айтып, кітапханаға арнайы ала барған кітаптарын сыйға тартты. Сондай-ақ ол кітапхананың ұлттық мәртебе алуға әбден лайық екенін айрықша атап өтті.

Кездесуден кейін Абай, Елихан Бөкейханов ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойған рухани сапардың мүшелері Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне барып, Абай дүниеден озғанына 120 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» көрмесіне қатысып, Абай жайлы сирек қордағы материалдармен танысты. Сондай-ақ биыл аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлының туғанына – 220 жыл толуына орай ұйымдастырылған көрмені де өзі ертіп жүріп таныстырған «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы директорының орынбасары Мейрамгүл Қайрамбаева Құнанбай қажыдан бірде-бір фотосурет сақталмағанын, кейбіреулер «Құнанбайдың фотосы» деп жүрген фотонның басқа адамның фотосы екенін де есімізге салды.

Жалпы Семей алқабы тарихи рухани туризмге сұранып тұр. Тек қаланың өзінде туристерді баурайтын көне нысандар да аз емес. Ал өлкедану тұрғысынан айтсақ, Шыңғыстаудың алқабындағы ескерткіш, кесенелер, тарихи жерлер өте көп. Ендігі мәселе жаңадан шаңырақ көтерген облыс осы бір артықшылығын ескеріп, өңірлік туризмді дамытуға ден қойып, туризмді ілгері бастыруға кедергі боп отырған үлкенді-кішілі мәселелерді түбегейлі шешім етіп, Семейді серпілтуінде тұр...

Осылайша 19 маусымнан 21 маусымға дейін жалғасқан сапардан үлкен рухани олжамен қайттық. Жалпы Астана қаласының бұл бастамасын бүкіл Қазақстанның облыс, аудан, қалалары да жалғастырып, ыңғайы келсе оқушыларды қамтуға дейін тырысса, бұл бір жағынан, еліміздің өлкетану істерін жандандырып ғана қоймай, ішкі туризмнің дамуына да оң серпін берер еді. «Ұлылар мекені...» сапарынан біз осындай үмітпен оралдық...

Астана – Семей –
Жидебай – Астана



Шапағат ӘБДІР

ЕРЛІК ПЕН БАТЫЛДЫҚ ОЙЫНЫ

Ал әлемнің қазірге дейін 80-нен аса елі қатысамыз деп тақым қысып отырған ДҚО-да көкпар үшін «Қазанат» ипподромы бекітілген. Әрі көкпар – қазаққа ғана тән емес, ол жалпы түркі халықтарына ортақ ойын. Мысалы, өзбектерде оны «Улак тартыш» десе, қырғыз тілінде «Көк бөрі», тәжік тілінде «Бузкаши» деп атайды. Бұдан өзге моңғол сияқты көшпенді ұлттардың тілінде әртүрлі атауы бар. Алайда атауы басқа болғанымен, тартуы бір бұл ойын үшін арнайы екі алаң бөлініп отыр. Алаңның ұзындығы – 220 метр, ені 70 метрді құрайды. Мәре шеңберінің диаметрі – 3 метр. Ал муляж серкенің салмағы көкпаршылардың жасына қарай 20-33 келіге дейін болмақ. Сонымен қатар әр елдің өз ережесіне сай қазандықта да жердегі шеңберде де ойналғын болады.

Жалпы қазақтың барлық ұлттық ойындары ұрпағын инабаттылыққа, ерлікке, батырлыққа баулиды. Мысалы, «Алтыбақан» ойыны арқылы қыз-жігіттерге махаббат пен сүйіспеншілікті терең сезіндірсе, «Қыз қуу» арқылы жігіттердің жігерін шыңдап, қыздардың амал-айласын бағамдаған. Сондай-ақ ат үстіндегі нәзіктіктің найзағай сезімге қалай ұласқанын көрсете білген халқымыздың тағы бір ұлттық ойыны – «Көкпар».

ЖІГІТ ПЕН АТТЫҢ ДОДАСЫ

Ал көкпар осы ат үсті спорттық ойындарының ішіндегі ең қастерлісі болып табылады. Өйткені бұл – жігіттің де, аттың да сыналатын додасы. Ондағы жігіттің қаршығадай құйылып, ителгідей түйлуімен, аттың жылдай жиырылып, жебедей атылуы көкпарды тартқан адамның емес, сырттан көрген адамның делебесін қоздыратыны содан. Орталық Азия елдерінде кең тараған бұл ойынның шығу тегі туралы айтқанда, ғалымдарымыз әртүрлі түсіндіреді. Тіпті көшпенділер көкбөрінің соғып алып, парша-паршасын шығарып тартқандықтан, көкпар аталыпты дейтіндер де бар. Бірақ бұған кейбір тарихшы, этнографтар келіспейді.

– Шынымен де қазіргі уақытта көкпар сөзінің шығуына байланысты әр ғалым әртүрлі пікір айтып жүр. Бірі «көк» және «пар» деген сөздің қосындысынан шыққанын, енді бірі «көкбөрі» дегеннен шыққанын айтады. Алайда мен бұл пікірге қарсымын. Өйткені ежелден түркі халықтарының символы ретінде қабылданып келген бөрінің көкпар ретінде ту-талақай қылып тартпайтыны белгілі. Өздерінің сыйынып келген, қайтпас қайсарлығы үшін құрмет тұтатын тотемін



КӨКПАР ТАРТУ КӨК ТҮРКІДЕН КЕЛЕ ЖАТЫР

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары жақындаған сайын көкпаршы жігіттердің де арасында ду-ду әңгіме қыза түскені белгілі. Көкпар – біздің даламыздағы ең танымал ат үсті спорты. Онсыз той мерекені өткізу мүмкін емес. Сондықтан асық үйірсе алшы қылатын, қабыланның құйрығын қамшы қылатын көкжал жігіттердің көкпарға деген дайындығы қызу жүруде.

ертеде, ешкі жүні бөртеде» деген сөз тіркесі бар. Демек, «бөрте» деген атау тек қана ешкіге қаратылып айтылады. Басқа төрт түлік малдың бірде-біреуіне қаратылып айтылмайды. Біз бұл жерден мынадай тұжырым жасаймыз. Ертеде көшпенді ата-бабаларымыз қой ішіне бірді-екілі ешкіні қосып баққа-

мазаққа айналдырмайды. Ал бөрі бейнелі нышандар қай кезден бастап шықты дегенге келсек, осыдан 1500 жыл бұрын Түрік қағанатын құрған түркілердің өздерінің бірінші жалауына бөрінің басын бейнелегені көп деректерде айтылады. Бірақ бөрі тарихы тым арыда жатыр. Мысалы, Иранның 3500 жыл бұрын жазылған «Авеста» атты діни кітабы бар. Аталған кітапты қазіргі ғалымдар да Иранның діни кітабы деп қарастырып келеді. Алайда кітап Ирандық емес, түркілердікі еді. Яғни сол дәуірдегі Иран жеріне ауып кеткен сақ-түркілер сол жақта осы кітапты шығарып, кейіннен ирандықтарға сіңіп кеткен. «Авеста» кітабының өзінде «Аши бөрі» деген сөз кездеседі. Яғни онда жақсы мен жаман күреседі деп келтіреді. Жақсыны «Ахура мазда» дейді. Оған жол көрсетіп алып жүретін «Аши» деген бөрі болады. Ол соған жол бастап жүреді. Осы кітап жазылғаннан кейін 2000 жылдай өткен соң,



яғни 542 жылы Түркі қағанатын құрған бабаларымыз Бумын мен Естеміс қаған өздерін асыл текті Ашинаның ұрпағымыз деп тарих бетіне шыға келеді. Демек, «Авестадағы» «Аши» мен түркілердің «Ашина» деп атаған сөздерінің

түбірі бір болғандықтан, оның түп негізін сол көкбөрімен байланыстырамыз. Ал енді бөріге сондай табынған ақсүйек түркі халқының оны тақымға салып, ойын ретінде тартуы ақылға сыймайды. Сондықтан бұл термин мүлдем қате деп ойлаймын. Менің тұжырымымда, оның шығу тегі «Көк бөрте» деген сөзбен байланысты. Яғни «көк» сөзі аспанды, Тәңірді, тәкаппарлық пен биіктікті бейнелесе, екінші жағынан, ол белгілі бір нәрсенің түсіне қаратыла айтылады. Сонымен қатар бөрінің қайтпайтын тәкаппарлығын да көкке теңеп, көк деген сөз бөрі синониміне де айналған. Яғни көк десе, Тәңірмен бірге бөрілік сипаттағы ұғымды да қалыптастырған. Екінші жағынан, «бөрте» деп ешкінің жас төлін атайды. Түркілердегі қызға қойылатын Бөрте есімі – жас, балғын, нәзік, сұлу мағынасында айтылған. Қазақтың ертеден келе жатқан ертегілерінде де «Ерте, ерте,

ны аян. Өйткені ешкі қойдың алдын бастап жүреді. Ал қойға шапқан көкбөрі бірінші болып ешкіні тамақтайды. Міне, сіз енді қойды бастап келе жатқан бөрте ешкі мен көкбөрінің алысып жатқан көрінісін көз алдыңызға елестетіп көріңізші және өздерін «Біз беріміз» деп атаған түркі халықтарының бөрте ешкіні ойынға айналдырып, жаңағы қойға шапқан қасқырдай жан-жақтан анталап келіп, тақымға салуы, оны ойын ретінде тартуының да ар жағында сол бөріге табынып, өздерін бөрі санағандығы жатыр. Яғни «балғын бөрте» бөріше талау, бөрі мен ешкі арасындағы тартыс қылып тарту деген содан шыққан. Осы орайда «Неге ешкіні көкпарға таңдады? Неге қойды тартпайды?» деген заңды сұрақ туындайтыны белгілі. Себебі ешкінің терісі өте сапалы келеді. Оны қанша жерден ат таптап, шабандоздар жұлқылап жатса да жыртылмайды, езілмейді. Тіптен ешкінің ішегінен домбыраның қос ішегін жасаған. Өйткені оның ішектері де оңайлықпен үзілмейтін болған, – дейді этнограф, тарихшы Асылжан Дулати.

ЖАУЫНГЕРЛІК ӨНЕРГЕ БАЛАНАДЫ

Шын мәнінде көкпар ойын ғана емес, ер жігіттердің білек күшін мығымдайтын, сүйегін шыңдап, ептілігін жетілдіретін жаттығу десек те қателеспейміз. Өйткені ежелгі түркі дәуірінде сарбаздарды көкпар арқылы жауынгерлікке, әскери машыққа үйреткені туралы да деректер бар. Әрине, ат үстінде айқасқан сол заманның батырларына көкпар тарту үлкен жаттығу болғанына күмән келтірмейміз. Өйткені көкпар арқылы ер-азаматтар еркін сайысуға, жауымен алысқанда аттан ауып түсіп қалмауға, қарсыласының тақымындағы қарудың өзін жұлып алуға әбден үйреніседі. Ал көкпардың да өз ережесі мен адам санына қарай тарту түрлері бар. Шежіреші Әлиасқар Байғұтұлының келтірген дерегі бойынша жазып алынған Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Асан Тұрабаевтың естелігінде хан көкпар, ақыл көкпар, батыр көкпар, тақым көкпар, қатын көкпар, бата көкпар деген сияқты түрлерге бөлінетіндігі де айтылады. Ал кей жерде жаппай тарту, ұтысып тарту, дода көкпар, айналма көкпар, мәре көкпар, тақым тартыс деген сияқты түрлерге бөлінеді.

МЫҢ ШАБАНДОЗ ТАРТЫСАДЫ

Хан көкпар – аты айтып тұрғандай, арнайы хандардың бұйрығымен берілетін көкпар. Бұған мыңнан аса адам қатысады, кейде көпшіліктің келуіне байланысты бірнеше мың болуы да мүмкін. Ақыл көкпар – екі топқа он-жырмадан бөлініп ойнайтын көкпар. Батыр көкпар – екі елдің арасында кісі өлімі болғанда тартылатын көкпар. Яғни сол өлген адамның асын бергенде, кісі құнына дауласқан екі жақтың араздығын шешу үшін де осы көкпар түрі ойнатылатын болған. Ал қатын көкпар деп – әртүрлі анталап, ережесіз ойналатын көкпардың түрі. Тақым көкпар – лақты тақымға басып, бір-бірінің атының жүйріктігі мен тақымының мықтылығын сынайтын көкпар. Жаппай тарту дегеніміз – аты айтып тұрғандай, ауылдың үлкен-кішісі демей асқа жиналған адамдардың жапа-тармағай таласып тартуын айтады. Ұтысып тарту деген – ол өзінің ережесі бар көкпар ойының бір түрі. Яғни онда жеке-жеке адамдар топ алқаның ортасына шығып, серкені тарту арқылы сынасады. Айналма көкпарда сол ас берген үйдің иесінің үйінің маңайынан ұзамай, алған көкпарды қайтадан сол алған үйіне алып келіп тастайды. Алайда барлық көкпаршылар соны көздейді де, бірі-біріне кедергі жасап, лақты оңайлықпен бере қоймайды. Айласын асырып кеткен жігіт жеке-дара шығып, көкпарды айналдырып алып келіп тастаса, үй иесі оған өзінің жолын береді. Ал мәре көкпар дегені қазіргі көкпар ойынында ойналып жүрген қазандыққа көкпар салып, ұпай жинауды айтады. Енді осы көкпар ойындарының ішіндегі ең бір өзгеше, арнайы берілетін түрін бата көкпар деп атайды. Мұндай көкпарды көбінде ұзақ жылдар бойы бала көре алмаған, бесік тербегілмеген отбасы береді. Сөйтіп, көптің батасын алатын болған. Жалпы көкпар – жігіттерді бірауыздылыққа, күштерін бір жерге топтауға, бір-біріне намысын жібермеуге, елді береке-бірлікке, ойын арқылы татулыққа шақыратын спорт түрі. Ал Дүниежүзілік көшпенділер ойынында болатын көкпарға бүгін тура 71 күн қалды. Атқа мінсе, ажалдың өзін ақымақ қып ойнайтын жігіттердің тартысты додасын көру үшін билеттер тамыз айынан бастап «Powerful Nomad» сайтында сатыла бастайтынын да ескертеміз.



№78 (4666) 02/07/2024 Сейсенбі

АСТАНА КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Астана күнін мерекелеу аясында Астана қаласының әкімдігі мен Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы бірлесе «FILARMONIA FEST – 2024» жобасын ұсынды.

Шапағат
ӘБДІР

Филармонияның бас директоры Ерлан Дәкенов шығармашылық ұжымының жетістігіне тоқталып, халықтың рухани кемелділігін арттыруда тынбай еңбектеніп келе жатқандықтарын әрі бұл жолы арнайы елорда күніне орай ұйымдастырылған музыкалық іс-шараның орны ерекше екендігін айтады.

– Біздің филармония – XIX ғасырдың басынан бері өнердің тамыры соғып тұрған қаланың музыкалық жүрегі, елордадағы ертеден келе жатқан мәдениет мекемелерінің бірі. Бүгінгі таңда филармония құрамында 13 шығармашылық ұжым жемісті еңбек етуде. Қызметкерлер саны 600 адамды құрайды. Елордалық филармонияның міндеті – әртүрлі бағыттағы музыкалық шығармаларды насихаттай отырып, жоғары ағартушылық қызметті орындау, ағартушылық және мәдени құндылықтарды насихаттау, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, ұлттық және әлемдік өнердің рухани мұрасын сақтау және көбейту. Ал осының бәрін астаналық филармония толық көлемде жүзеге асырып келеді, – дейді аталған филармонияның бас директоры.

Шынымен де дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылатын ауқымды музыка мерекесі қоғамда мерекелік атмосфера мен жағымды көңіл-күй қалыптастырып, филармонияның шығармашылық ұжымдарының шығармашылығын танымал етіп, жеке брендті қалыптастыруға, отбасылық құндылықтарды дамытуға, өскелең ұрпақтың адамгершілік және көркемдік бағдарларын



айқындауға жұмыс істеп келеді.

Тағы бір айта кететін жайт, жоба аясында «Бормен сурет салу» және «Кескіндеме» атты екі номинацияда үздік жұмыстарды марапаттаумен қатар, «Музыка балалар көзімен» балалар сурет байқауы, «Сарыарқа» халық музыкасы ансамблінің және Симфониялық оркестрдің «Музыкалық аспаптар әлеміне саяхат» атты жас

музыканттарға арналған шеберлік сағаттары және филармония алаңында филармонияның барлық ұжымдарының қатысуымен елорданың 26 жылдығына арналған 26 санын құрумен жаппай флешмоб ұйымдастырылды. Сондай-ақ филармония ұжымдарының қатысуымен Есіл өзенінің жағасында және елордалық Арбат бойында музыкалық шеру өтті.

КӨЗ ЖҰМЫП БОУЛИНГ ОЙНАДЫ

Астана қаласының Мүгедек жастар қоғамы ұйымы боулингте көзді жауып ойнаудан «Жаз-2024» турнирін ұйымдастырды.

Осы орайда Астана қаласының Мүгедек жастар қоғамы ұйымы «Думан» қонақ үйінде боулингте көзді жауып ойнаудан Сенат және Мәжіліс палатасының депутаттары, Ұлттық экономика, Еңбек және әлеуметтік қорғау және т. б. министрлік өкілдері арасында 5 команданың жасақталуымен сайыс өтті.

– Үкімет деңгейінде елімізде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға тегін білім алу, спортпен айналысу т. б. жағдайлар жасалған. Бірақ уақыт өзгерісті талап етеді. Мүгедектердің мәселесін тек мүгедектер ғана жақсы түсінеді. Олардың жағдайын жасау үшін біз секілді ұйымдар өздерін танытып, оң шешім шығаруға атсалысуы тиіс, – деді Астана қаласының Мүгедек жастар қоғамы ұйымының өкілі Назгүл Шохаева.

Бұл іс-шара үшінші рет өткізілді. Бұған дейін 2023 жылы қазан айында мемлекеттік орган қызметкерлері жиналса, 2024 жылдың наурыз айында қаланың кәсіпкерлері осы турнирге сығна түсті.

Бәсекеңің басында қатысушылардың жылдамдығы мен қарқыны қатты болғанымен, нысанадан мүлт кетіп жатты. Тек 10-15 минуттан соң ғана олар ойынға бейімделді.

«Мүгедек жастар қоғамы» ұйымы алдағы уақытта тек боулингпен ғана шектелмей, 19 қыркүйек күні Астанада бірінші рет желкенді спорттан да сайыс өткізу идеясы бар екенін айтты.

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Астанада қазақтың қос батыры, Халық қаһармандары Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған унифайттан – әмбебап жекпе-жектен ересектер арасындағы ел чемпионатының жеңімпаздары анықталды.



«Qazaqstan Ardagerleri» қауымдастығы ұйымдастырған, Астана қаласының әкімдігі мен Қорғаныс министрлігінің қолдауымен өткен біріншілікке Астана, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Алматы, Абай, Түркістан, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарынан 200-дей спортшы қатысты.

Бүгінгі таңда унифайт спорты еліміздің шамамен 17 облысында қолға алынған. Сайыстың басты ережесі – 10 кедергіден сәтті өту. Атап айтқанда, кедергілерді өту, ату, жүгіру, пышақ лақтыру және тебу, қолмен соғу әдістерімен рингтегі жекпе-жекті қамтитын бірегей қосайыс. Яғни, шаршы алаңда жекпе-жек өнерін көр-

сету және армия полигонының элементтері кіреді. Бүгінгі таңда әмбебап жекпе-жекте қолданбалы спорт әлемінде баламасы жоқ.

«Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов пен Рейхстагқа ту тіккен, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған бұл жарыс елордада бірінші рет өткізілді. Жарыста «Айбын», «Арлан», «Бүркіт», «Сұңқар», ҰҚК-ға қарасты «Арыстан», Қорғаныс министрлігінің Армияның орталық клубы (ЦСКА), ІІМ жылдам қимылдайтын арнайы жасағы, Антикор командалары бақтарын сынады. Ең бастауы – бүгінгі жауынгерлер қос батырдың ерлігімен рухтанып, шеберліктерін паш

етті» деді «Qazaqstan Ardagerleri» қауымдастығының төрағасы, қоғам қайраткері, Ауған соғысының ардагері Бақытбек Смағұл.

Жарыс барысында бірқатар әскерилер мен үздік жауынгерлер, сонымен қатар Ауған соғысы ардагерлері Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаев атындағы төсбелгілермен марапатталды.

Үш күнге жалғасатын бәсекеңің қорытындысы бойынша жүлдегер атанған спортшыларға кубоктармен, дипломдармен, медальдармен бірге арнайы сыйлықтар тапсырылды. Енді осы жарыстың жеңімпаздары қазан айының соңында Ресейдің Новосібір қаласында өтетін әлем чемпионатына қатысады.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

3 ШІЛДЕ
18.00

АСЫЛ МҰРА

03/07
18:00

«АСЫЛ МҰРА» КОНЦЕРТІ

Астаналық филармония залы

05/07
19:00

«АЯЛАҒАН АСТАНА» ГАЛА-КОНЦЕРТІ

Амфитеатр

АЯЛАҒАН АСТАНА
ГАЛА-КОНЦЕРТ

05/07
15:00

«БАЙРАҒЫ БІЛК БАЙТАҒЫМ»
МҮШӘЙРА ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Жастар» театры

03/07
11:00

«КІТАРНАНА FEST-2024»
КІТАП ФЕСТИВАЛІ

«Қалагерлер» аллеясы



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және
сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың
мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының
компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №78

Баспаханасы: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ